Жетісу шұғыласы

№ 38 (9123), жұма, 2 қазан 2026 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КАНЦЛЕР ФРИДРИХ МЕРЦПЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Мемлекет басшысы ыстық ықыласы үшін Германия Канцлеріне ризашылығын білдірді.

Тараптар Қазақстан мен Германия арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға бейіл екенін растады.

Екі ел үкіметтері өзара ықпалдастықты кеңейтуге барынша жағдай жасайтыны атап өтілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Германия Қазақстанның басты сауда серіктестерінің және жетекші инвесторлардың қатарына кіреді. Өнеркәсіп, аса маңызды минералдар, көлік және логистика, цифрлық технологиялар, сондай-ақ машина жасау, химия өнеркәсібі секілді қосылған құны жоғары өнімдер шығаратын салаларда серіктестікті жандандыруға мол мүмкіндік бар.

Бұдан бөлек, тараптар көпжақты ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасты. Халықаралық құрылымдар, соның ішінде «Орталық Азия – Германия» форматы аясында белсенді байланыс қарқынын сақтауға уағдаласты.

Президент пен Канцлердің келіссөзі екі ел делегациясы мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Германияның стратегиялық серіктестігі берік саяси диалогқа, ортақ экономикалық мүддеге және халықтар арасындағы тығыз байланысқа арқа сүйейтінін айтты.

– Өзара сауда-саттық көлемі өткен жылы 13,4 пайызға ұлғайып, 4,5 миллиард долларға жетті. Германияның соңғы 21 жылда елімізге салған инвестициясы 8 миллиард долларды межеледі. Осы ретте германиялық инвестицияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету айрықша бақылауда екенін айтқым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселесіне баса мән берілді.

Бүгінгі таңда бірлескен инвестиция портфелінде жалпы құны шамамен 54 миллиард доллар болатын 40 өнеркәсіп жобасы бар.

Бұл ретте Президент Үкіметаралық жұмыс тобы мен Қазақстан-Германия іскерлік кеңесінің үйлесімді әрі нәтижелі қызметіне оң баға берді.

Мемлекет басшысы Германияның қазіргі әлемдік саясат пен экономикадағы елеулі рөліне назар аударды. Оның айтуынша, елдің өндірістік қуаты, мықты ғылыми мектебі және неміс халқының еңбекке деген жауапкершілігі халықаралық деңгейде сөзсіз мойындалған.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті мен Германия Канцлері мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты кеңейту, соның ішінде білім мен ғылым саласында бірлескен бастамаларды жүзеге асыру мәселелерін қарастырды.

Тараптар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германия сапары екі елдің игілігі мен гүлденуі жолындағы оң нәтижелерге жетуге ықпал етеріне сенім білдірді.

Келіссөз соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Канцлер Фридрих Мерцті елімізге мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

akorda.kz

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ФРАНК-ВАЛЬТЕР ШТАЙНМАЙЕР ҚАЗАҚСТАН-ГЕРМАНИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев және Франк-Вальтер Штайнмайер Қазақстан-Германия бизнес форумында сөз сөйледі. Басқосуға екі елдің іскерлік топ өкілдері қатысты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Германия ұзақ жылдар бойы өзара құрмет пен практикалық ықпалдастық негізінде берік байланыстарды жолға қойғанын айтты.

– Қазақстан Германияны уақыт тезінен өткен сенімді стратегиялық серіктес ретінде қарастырады. Біз Германияның экономикалық жетістіктеріне және өнеркәсіп мәдениетіне зор құрметпен қараймыз. Қанша буын алмасса да, «Made in Germany» бренді сапаның, инженерлік кемелдіктің, дәлдік пен жауапкершіліктің символы болып келеді. Германияның экономикасы қуатты елге айналуына оның халықаралық корпорациялары ғана емес, сонымен қатар орта бизнес кәсіпорындары (Mittelstand), білікті кадрлары, ғылыми әлеуеті мен бірегей өндіріс мәдениеті үлес қосты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Германия Қазақстанның Еуропалық одақпен қарым-қатынасында айрықша рөл атқаратынына назар аударды. ЕО – Қазақстанның ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі, ал Германия – еліміздің Еуропамен экономикалық ықпалдастығын өрге сүйрейтін қозғаушы күш іспеттес.



– Бүгінде аса маңызды материалдар, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, озық технология бағыттары күн тәртібіміздегі өзекті тақырыптар саналады. Қазақстан мен Германия дәл осы салаларда күш-жігер жұмылдырып, елеулі нәтижеге қол жеткізе алады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің қарым-қатынасын Орталық Азия мен Еуропа арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтатын көпірге балады.

Президенттің пікірінше, өнеркәсіп кооперациясы – қазақ-герман серіктестігінің маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде ортақ портфельде жалпы құны 54 миллиард доллардан асатын 40 инвестициялық бастама бар. Оның ішінде 21 жоба жүзеге асқан.

Қасым-Жомарт Тоқаев CLAAS, Horsch, Amazonen-Werke және Knauf секілді компаниялармен табысты ынтымақтастық жолға қойылғанын жеткізді. Соңғы бес жылда CLAAS компаниясы Қазақстанда 2100-ден аса ауыл шаруашылығы техникасын шығарған.

– Орайлы сәтті пайдаланып, өнеркәсіп саласындағы серіктестігіміз екіжақты үдеріске айналып келе жатқанын айтқым келеді. Оны Қазақстаннан Германияға өнеркәсіп тауарларының экспорты артқанынан аңғарамыз. Мәселен, осы сапар барысында отандық машина жасау саласының өнімдерін, соның ішінде неміс құрал-жабдығын қолдану арқылы шығарылған теміржол көлігі дөңгелегін Германия нарығына жеткізу жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан германиялық компаниялармен автоматтандыру, станок, өнеркәсіпке арналған роботты техника, машина жасау, озық өндіріс және үдерісті цифрландыру салаларында ынтымақтастық аясын кеңейтуге дайын екенін мәлімдеді.

– Бұл мысалдар экономикалық байланыстарымыз алдағы уақытта қай бағытта дамитынын көрсетеді. Жекелеген табысты жобалармен шектелмей, өнеркәсіп саласындағы жүйелі серіктестікке көшкеніміз жөн. Еліміз осы мақсатта Қазақстан-Германия инвестициялық-өнеркәсіп бастамасын қолға алуға әзір. Оның негізінде үздік жобалардың бірыңғай тізімі жасақталады. Мақсатымыз айқын: Қазақстанда жаңа салалардың пайда болуына септігін тигізетін, коммерциялық тұрғыдан өміршең жобаларды іріктеп алу, неміс технологиясы мен білімін меңгеру, өңірлік және әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті өнім түрлерін шығару. Бұл ретте немістің Mittelstand, яғни орта бизнес кәсіпорындары айрықша рөл атқара алады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы аса маңызды материалдар саласындағы ынтымақтастыққа тоқталды. Қазақстанда Еуропалық одақ стратегиялық ресурс ретінде танығаң 34 шикізат түрінің 21-і бар.

– Германияға сенімді және бір бағытқа тәуелді болмайтын шикізат жеткізу жолдары қажет. Ал Қазақстан қосылған құны жоғары өнім тізбегін қалыптастыру үшін инвестиция мен озық технологияға мүдделі. Осыған арқа сүйеп, мықты стратегиялық синергия жасауға болады. Геологиялық барлаудан және кен өндіруден бастап оны өңдеу және Қазақстанда жоғары технологиялық материалдар шығару сатыларын толық қамтитын ірі жобаларды айқындау ынтымақтастықтың келесі кезеңі болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ауыл шаруашылығындағы серіктестікті кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар.

– 2025 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің алыс-берісі 23 пайызға ұлғайған, ал Қазақстаннан Германияға экспортталатын аграрлық өнімдер 38 пайызға артқан. Ендігі қадам – қосылған құны жоғары өнім шығарудың бүкіл тізбегі енетін ортақ жобаларды іске асыру. Яғни ғылыми негіздегі егін шаруашылығы мен су үнемдейтін өндірістен бастап, өнімді қайта өңдеу, сақтау және экспорт сатылары толық қамтылуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бірлескен жұмыстың тағы бір маңызды бағыты – энергетика. Президенттің айтуынша, Қазақстан Еуропаға мұнай жеткізуші елдердің бірі ретінде энергетикалық қауіпсіздікке елеулі үлес қосып келеді.

– Siemens Energy компаниясымен ынтымақтастығымыз, соның ішінде KEGOC ұлттық электр желілерінің операторымен бірлесе атқарып жатқан жұмысы бұл бағытта айтарлықтай әлеует бар екенін көрсетеді. Біз аталған саладағы серіктестік аясын кеңейтіп, энергетика инфрақұрылымын жаңғырту бойынша бірлескен жобалар тізімін жасақтауды ұсынамыз. Егер аталған жобалар экономикалық тұрғыдан тиімді болса, кейбір құрал-жабдықтарды сырттан әкелмей, Қазақстанда өндірген жөн. Нақты инвестициялық жобаны іске асыру арқылы Орталық Азия елдері нарығына шығуға болады, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда жасанды интеллектіні енгізу және цифрлық трансформация ұлттық басымдық ретінде айқындалғанына назар аударды. Сондай-ақ елімізде «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру қолға алынғанын айтты. Аталған жоба келешекте ірі есептеу қуаты бар хабқа айналады.

– Германия өнеркәсіпке арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, автоматизация, киберқауіпсіздік, инженерия және қолданбалы зерттеулер салаларында мықты. Осы артықшылықтары біздің өршіл мақсатымызға сай келеді. Неміс компанияларын деректерді өңдеу инфрақұрылымын дамытуға атсалысып, қазақстандық серіктестермен бірге тау-кен, энергетика және логистика салаларына арналған жасанды интеллект шешімдерін әзірлеуге шақырамын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы адам капиталын дамыту тақырыбын да қозғады. Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның дуалды кәсіптік білім беру жүйесін жоғары бағалап, академиялық және кәсіби байланыстарды тереңдетуге негіз барын еске салды.

– Қазақстан-Германия өндірістік құзыреттер орталығының желісін құруды ұсынамыз. Оны озық жобаларды жүзеге асырумен тікелей байланыстыруға болады. Яғни әрбір ірі инвестициялық жоба кадр даярлайтын алаң болуға тиіс деген қарапайым қағидатқа сүйенген жөн. Сонда ғана капитал білімге, ал білім орнықты экономикалық өсімге ұласады, – деді Президент.

Форумда сөз сөйлеген Германия Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге айтарлықтай мүмкіндік бар екенін атап өтіп, стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытудың маңызына назар аударды.

– Қазақстан – Орталық Азиядағы басты сауда серіктесіміз. Оған осы кездесу қорытындысы бойынша қол қойылатын келісімдер дәлел. Федералдық Президент ретінде дамып келе жатқан өңірлік державалармен, соның ішінде Қазақстанмен қарым-қатынасты нығайтуға ұмтыламын. Германия капиталын, технологиясы мен өнеркәсіптегі тәжірибесін ұсына алады. Ал Қазақстанда табиғи ресурстардың мол қоры, орасан зор өсім әлеуеті бар. Ең бастысы, бұл ел Еуропа пен Азия арасында стратегиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан, – деді Франк-Вальтер Штайнмайер.

akorda.kz

ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ – 2026: ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ЖИНАЛҒАН АСТЫҚТЫҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ДИҚАНДАРДЫ ЕРТЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН БАСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында егін жинау науқанының барысы қаралды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов ауыл шаруашылығындағы қазіргі жағдай туралы, экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров алдағы кезеңге арналған ауа райы болжамы туралы, диқандарды қолжетімді отынмен қамтамасыз ету бойынша энергетика вице-министрі Қайырхан Тұтқышбаев, ал көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов көлік инфрақұрылымының дайындығы туралы баяндады. Сондай-ақ Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Премьер-министр егін жинау науқанының нәтижелері – аграрлық салаға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары тиімділігінің бір көрсеткіші екенін баса айтты.

«Президент тапсырмасына сәйкес мемлекет тарапынан аграрлық салаға айтарлықтай қолдау көрсетіліп келеді. Егін шаруашылығын орнықты дамытуға және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға бағытталған субсидиялау тетіктеріне баса көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын қолдау шаралары бөлінген қаражаттың көлемімен ғана шектеліп қалмай, ең алдымен нақты экономикалық нәтижені қамтамасыз етуі тиіс екенін атап өтуде. Осы тұрғыдан алғанда, егін орағын сапалы әрі уақтылы өткізу – қойылған мақсаттарға қол жеткізудің басты шарттарының бірі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда 13,5 млн гектар астық немесе жалпы егіс алқаптарының 83%-ы жиналды. Сондай-ақ 2,4 млн тонна майлы дақылдар, 2,5 млн тонна картоп, 2,9 млн тонна көкөніс және 2,3 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Дала жұмыстарына 130 мың трактор, 29 мың комбайн, 17 мың астық жинау машинасы және 130 мың бірлік басқа техника жұмылдырылды.

Сондай-ақ астықтың сапасы мен балауызының деңгейі жоғары. Сақтауға қабылданған жалпы көлемнің 74%-дан астамы үшінші сыныпты және одан да жоғары сыныптарға жатады.

Егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру жалғасуда. Жеңілдетілген несие беру аясында 5,8 мың өтінім келіп түсті, олардың жалпы сомасы 673 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде 665 млрд теңге сомасындағы өтінімдер қаржыландырылып, 7,8 млн гектар егіс алқабы қамтылды. Сондай-ақ биыл 2027 жылғы егіс науқанын ерте қаржыландыру көзделген.

Заманауи агротехнологияларды қолдану және тыңайтқыштарды уақтылы себу нақты нәтиже беріп отыр. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, су үнемдеу технологияларын қолданатын алқаптардың көлемін ұлғайту шаралары қабылдануда. Қуаңшылық әрі су тапшылығы жағдайында бұл бастаманың маңызы өте зор. Сондықтан егіншілерді заманауи су үнемдеу технологияларына көшуге ынталандыру тәжірибесін жалғастыру қажет. Сонымен қатар жаңбырлатып суару машиналарын, ауыл шаруашылығы техникаларын алғандай, жеңілдетілген қаржыландыру шарттарымен сатып алу мүмкіндігін пысықтау тапсырылды. Бұл қажетті техникаларға қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Энергетика министрлігінің мәліметінше, биыл ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге 844,7 мың тонна дизель отыны бөлінді. Мұнай өңдеу зауытынан тиеп-жөнелту стансасына дейінгі белгіленген босату бағасы литріне 258 теңгені құрады. Операторлардың шығындарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін түпкілікті баға литріне 283-310 теңгені құрайды. Бұл нарықтағы бағадан 10-18%-ға төмен.

Көлік министрлігі егінді тасымалдауға арналған инфрақұрылымның дайындығы туралы ақпарат берді. 2026 жылдың 8 айында 9,3 млн тонна астық тасымалданды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға артық. Экспорттық тасымал көлемі 14%-ға өсіп, 7,2 млн тонналы құрады. Оның негізгі бөлігі – 4,8 млн тонна – Орталық Азия елдеріне жөнелтілді. Тасымалдауға 16,9 мың астық тасымалдайтын вагон, 17,8 мың жабық вагон және 2 мың локомотив бар.

Отырыс барысында негізгі ауыл шаруашылығы өңірлеріндегі ахуал да қаралды. Ақмола облысында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабының 84,7%-ы орылды, 5,6 млн тонна астық бастырылды. Астық сақтау қуаты 7,3 млн тоннаны құрайды. Келесі жылға арналған тұқым қоры толық қалыптастырылды.

Солтүстік Қазақстан облысында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың 84%-ы жиналды, 4,1 млн тонна астық бастырылды. 2027 жылғы өнімге арналған тұқым қоры да толық қалыптастырылды. Агротехникалық іс-шараларды жеңілдетілген қаржыландыру көлемі 220 млрд теңгені құрады.

Қостанай облысында дәнді дақылдардың 3,39 млн гектары, яғни алқаптардың 84%-ы орылды. Қолда бар қуаттар 8,3 млн тоннаға дейін астық сақтауға мүмкіндік береді, қазіргі жүктеме 37,2%-ды құрайды. Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жеңілдетілген несие беруге 151 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 1,7 есе жоғары.

Батыс Қазақстан облысында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды жинау толық аяқталды. 604,8 мың тонна астық бастырылды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2 есе жоғары. Түркістан облысында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабының 90%-ы орылып, 729,3 мың тонна өнім жиналды. Өңірде су үнемдеу технологияларын қолдану ауқымы да кеңейіп келеді. Биыл бұл технологиялар 45,6 мың гектар алқапта қолданылды, жыл соңына дейін оның көлемін 50 мың гектарға жеткізу жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеуді дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Жаңа жобалардың бірі ретінде Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдейтін зауыт атап өтілді. Биыл жүгері егістігінің көлемі 60%-ға артып, 106 мың гектарды құрады. Мұндай жобаларды іске асыру отандық шикізатқа қосымша сұраныс қалыптастырып, қосылған құны жоғары өнім өндіруді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Премьер-министр орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерге бірқатар міндет жүктеді.

Қазіргі таңда басты міндет – егін орағын уақтылы аяқтап, жиналған өнімді сақтап қалу.

Элеваторлар мен астық қоймаларының, сондай-ақ бидайды кептіруге арналған қуаттардың толық дайындығын қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ астықты ысырап қылмай, сапасын жоғалтып алмау үшін барлық тиісті шараларды қабылдау тапсырылды. Экология министрлігі диқандарға ауа райы болжамы туралы мәліметті егін орағы аяқталғанша күнделікті ұсынуы керек.

Энергетика министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, егін жинау науқаны мен астықты кептіру жұмыстары толық аяқталғанша жанармайдың үздіксіз жеткізілуін, сондай-ақ отын қорын бақылауда ұстау тапсырылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын қалыптасқан қарқынмен жалғастыру міндеті қойылды.

Әкімдіктерге Қысқы және көктемгі кезеңдерге көкөніс, әсіресе картоп қорын уақтылы қалыптастыру, маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар көкөніс өнімдерінің тапшылығына және бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу, оларды алдын ала келісімшарт арқылы уақтылы сатып алып, сақтауға қоюды қамтамасыз ету тапсырылды. Бұл ретте өнімнің артылған көлемін экспортқа бағыттау қажет. Сауда және Көлік министрліктері шаруаларға өнімді өткізу нарықтарын іздестіруге және сатуға жәрдемдесуі тиіс.

Премьер-министр2027 жылғы егіс науқанына дайындық жұмыстарын бастауды тапсырды. «Бәйтерек» холдингіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді уақтылы қаржыландыру, әкімдіктерге минералдық тыңайтқыштар енгізу, элиталық тұқымдардың үлесін арттыру және ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша индикативтік көрсеткіштерді қамтамасыз ету тапсырылды.

Сонымен қатар Жамбыл және Жетісу облыстарының әкімдіктеріне қант зауыттарының өнімді қабылдауға және өңдеуге толық дайын болуын, сондай-ақ қабылдау пункттерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, ұзынсонар кезек пен жиналған өнімнің бүлінуіне жол бермеу тапсырылды.

Жалпы, Ауыл шаруашылығы министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, жұмыстардың уақтылы аяқталуын, жиналған өнімнің сақталуын қамтамасыз ету және егін жинау науқаны аяқталғанға дейін ахуалға тұрақты мониторинг жүргізу тапсырылды.

Туындайтын мәселелер Үкімет жанындағы Жедел штаб шеңберінде дереу шешіледі.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғаринге жүктелген.

primeminister.kz

БИЫЛ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 935 МЫҢ ТОННА АСТЫҚ ЖИНАУ ЖОСПАРЛАНҒАН, БҰЛ ӨТКЕН ЖЫЛДАҒЫДАН 41%-ҒА АРТЫҚ



Жетісу облысында егін жинау науқаны жалғасуда. Биыл шаруалар астықтың жалпы түсімін 935 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл 2025 жылғы 663,0 мың тоннамен салыстырғанда 41%-ға жоғары. Қазіргі таңда бидай мен арпаны жинау жұмыстары толық аяқталды. Шаруашылықтар дәндік жүгері, майлы дақылдар мен қант қызылшасын жинауда. Бүгінде 547 мың тонна астық бастырылды, орташа өнімділік гектарына 23 центнерден асады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта дәндік жүгері жиналып жатыр. Жалпы 62,7 мың гектар алқаптың 7 мың гектары орылып, гектарынан орта есеппен 75,7 центнер өнім алынды. Бүгінде 52 мың тонна жүгері жиналды.

Сонымен қатар майлы дақылдарды жинау жұмыстары да жалғасуда. Қазіргі таңда жалпы егіс алқабының 38%-ы жиналды. Орташа өнімділік гектарына 15,0 центнерді құрап, 60 мың тонна өнім алынды.

Егін жинау науқаны барысында қант қызылшасына да ерекше көңіл бөлінеді. Биыл бұл дақыл 13,5 мың гектар алқапқа егілді. Алқаптан 585 мың тонна өнім алу жоспарлануда. Оның 374 мың тоннасын Көксу қант зауытына, 211 мың тоннасын Ақсу қант зауытына жөнелту көзделген.

«Қант қызылшасын жинау жұмыстары 24 қыркүйекте басталды. Бүгінде 537 гектар алқап жиналып, 23,9 мың тонна тәтті түбір алынды. Орташа өнімділік гектарына 445 центнерді құрап отыр, бұл 2025 жылғы 402,5 центнермен салыстырғанда жоғары. Облыстағы екі қант зауытына қазірдің өзінде 16,2 мың тонна қызылша жеткізілді. Жалпы биыл Жетісу облысында қант қызылшасы мен қант қамысынан 101 мың тоннаға жуық қант өндіру жоспарлануда», – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдәулет Кененбаев.

Сонымен қатар диқандар алдағы ауыл шаруашылығы маусымына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Күзгі дала жұмыстарына 6,6 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Кестеге сәйкес бүгінде оның 5,4 мың тоннасы сатып алынып, 4,6 мың тоннасы шаруашылықтарға жеткізілді. Қалғаны қазан айында сатып алынатын болады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді минералды тыңайтқыштармен және тұқыммен қамтамасыз ету жұмыстары да жалғасуда. Биыл минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемін 70,6 мың тоннаға жеткізу жоспарланған. Қазіргі таңда жоспарланған көлемнің 91,1%-ы сатып алынып, егістік алқаптарда қолданылды.

2027 жылғы егіс науқанына 65,2 мың тонна ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы қажет. Бүгінде қажетті тұқым көлемінің 74,3%-ы дайындалды.

Маусымдық жұмыстарды жүргізуде мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. «Кең дала-2» бағдарламасы аясында көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін 455 шаруашылыққа жалпы сомасы 11,3 млрд теңге көлемінде несие берілді.

Сонымен қатар «ҚазАгроҚаржы» арқылы ауыл шаруашылығы техникасын лизингіге сатып алуға 456 өтінім түсті. Қазіргі таңда 355 бірлік техника сатып алынды, оның 26-сы комбайн, 223-і трактор және 207 басқа да агрегат бар.

Осылайша, Жетісу облысында егін жинау жұмыстарымен қатар келесі маусымға дайындық та қатар жүріп жатыр. Атап айтқанда, тұқым қоры қалыптастырылып, тыңайтқыштар мен ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынып, шаруашылықтар қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуде. Жалпы, ауыл шаруашылығы жұмыстарының барысы облыс басшылығының тұрақты бақылауында.

Атап өтсек, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 514 мың гектарды құрап отыр.

Фотографтар: Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев, Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖЕТІСУДАҒЫ БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ: 700-ДЕН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛЫП, 200-ДЕН АСТАМ АЗАМАТ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ



Жетісу облысында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында «Еңбекпен – тәртіпке, тәртіппен – табысқа» атты облыстық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге 100-ден астам жұмыс беруші қатысып, жұмыс іздеушілерге 700-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды. Жәрмеңке қорытындысында 400-ге жуық азамат жұмыспен қамту шараларына жолданып, оның ішінде 200-ден астам азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Сонымен қатар 200-ге жуық азаматты субсидияланатын жұмыс орындарына, оның ішінде «Жастар практикасы», «Күміс жас», «Қоғамдық жұмыстар» жобаларына жолдау жоспарланған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Іс-шараның басты мақсаты – жұмыс берушілер мен жұмыс іздеуші азаматтар арасында тікелей байланыс орнату, лайықты жұмыс орнын табуға көмектесу, сондай-ақ халықтың еңбек құқықтары, ресми жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттандырылуын арттыру.

Іс-шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев еңбек адамның өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, отбасының әл-ауқатын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің дамуына үлес қосуына мүмкіндік беретін маңызды құндылық екенін атап өтті.

– Еңбек нәтижелі болуы үшін тәртіпті сақтап, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын орындау керек. «Заң және тәртіп» қағидаты – қоғамдағы қауіпсіздік пен тұрақтылықтың, әділдік пен заң үстемдігінің басты негіздерінің бірі. Бүгінгі жәрмеңкенің «Еңбекпен – тәртіпке, тәртіппен – табысқа» деген атауы оның негізгі идеясын айқын көрсетеді. Адал еңбек, тәртіп, заңды сақтау және жауапкершілік – тұрақты жұмыспен қамту мен азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды шарттары, – деді М. Көлбаев.

Жәрмеңкеде өңірдегі кәсіпорындар, шағын және орта бизнес субъектілері, мемлекеттік мекемелер, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да салалардың ұйымдары бос жұмыс орындарын ұсынды. Олардың қатарында өңірдегі 20-дан астам ірі және орта кәсіпорын, Атап айтқанда, «Қайнар АКБ», «Темірбетон», «Метакон», «ALACEM», «JLC Cут», «ASMA Industrial», Талдықорған кабель зауыты, Көксу қант зауыты, «Алмаз Керамикс» ЖШС және басқа да кәсіпорындар бар.

Жәрмеңкеге қатысушылар компания өкілдерімен тікелей тілдесіп, еңбек жағдайлары, үміткерлерге қойылатын талаптар, жалақы деңгейі және кәсіби даму мүмкіндіктері туралы ақпарат алды.

Іс-шара барысында мүгедектігі бар азаматтарды, жұмыссыздарды және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босап шыққан азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бағытында жұмыстар жүргізілді. Тұрақты жұмыспен қамту – олардың әлеуметтік бейімделуі мен құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңызды факторларының бірі.

Жәрмеңке барысында азаматтарға «Күміс жас», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Жастар практикасы», «Қоғамдық жұмыстар» жобалары бойынша субсидияланатын жұмыс орындарына орналасу мүмкіндіктері түсіндірілді. Сонымен қатар қатысушылар қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өту мүмкіндіктері туралы ақпарат алды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері үшін «Мансап компасы» платформасын пайдаланып, кәсіптік бағдар беру бойынша консультациялар берілді. Жастарға Skills Enbek платформасында білім алу мүмкіндіктері, сондай-ақ Электрондық еңбек биржасы арқылы бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасу жолдары түсіндірілді.

Жұмыс берушілер үшін жәрмеңке әлеуетті қызметкерлермен тікелей байланыс орнатып, қажетті мамандарды іріктеуге мүмкіндік беретін тиімді алаңға айналды.

- Біз екі бос жұмыс орнын: жылу энергетикасы инженері және электргазбен дәнекерлеуші жұмысын ұсынып отырмыз. Мұндай жәрмеңкелер шынымен де нәтижелі өтетінін тәжірибеміз көрсетіп отыр. Мұнда адам бірден бірнеше ұсыныспен танысып, өзіне қолайлы жұмысты таңдай алады, - деді «Талдықорғанжылусервис» КМК маманы Арайлым Мұхамер.

Кейбір қатысушылар үшін мемлекеттік қолдау нәтижелерінің бірі – өз ісін ашу. Мәселен, Ескелді ауданының Абай ауылынан келген жас кәсіпкер Серік Жұмабек өз тәжірибесімен бөлісті. Ол Еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында 1,5 млн теңге көлемінде қайтарымсыз мемлекеттік грант алып, қаражатты мал шаруашылығын дамытуға бағыттаған.

- Бұл қаражатқа үш құлынды бие сатып алып, осылайша жылқы санын көбейттік. Қымыз сатамыз, маусым кезінде саумал сатамыз. Екі көзім де нашар көреді. Соған қарамастан еңбек етуге үйренгенмін, бала кезімнен жылқы бағып келемін. Мұны отбасылық кәсібіміз деуге болады. Грант осы істі әрі қарай дамытуға, өзіміз жақсы көретін жылқы шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар қолөнермен де айналысамыз, жүген жасаймыз. Еңбек еткен адам оның жемісін де көреді, – дейді кәсіпкер.

Осылайша, мемлекеттік қолдау азаматтарға жұмысқа орналасу, кәсіби тұрғыда даму және өз кәсібін бастау үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

Жалпы, облыстық бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне 789 жұмыссыз азамат қатысты. Олардың ішінде пробация қызметінің есебінде тұрған 66 азамат және 300-ден астам жас бар.

Атап өтсек, пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды және әлеуметтік осал санаттағы тұрғындарды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсеткен кәсіпорын басшылары Алғыс хаттармен марапатталды.

Фотограф: Қанат Өмірәлинов

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ: ЖЕТІСУДА ОНКҮНДІК БАСТАЛДЫ



Жетісу облысында Халықаралық қарттар күніне орай онкүндік басталды. Онкүндік аясында қарт адамдарға және мүгедектігі бар азаматтарға арналған мерекелік, әлеуметтік және қайырымдылық бағыттағы жұмыстар жүргізіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

- Өңірдің аудан-қалаларында онкүндік аясында 40-қа жуық негізгі ірі мерекелік іс-шара өткізіледі. Одан бөлек қарттарды қолдау шараларына ерекше көңіл бөліп отырмыз. Бұл шараларға жергілікті жерлерде мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау мекемелері, қоғамдық ұйымдар, кәсіпкерлер, жастар белсенді қатысады деп жоспарланған, - деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ермек Мизамбаев.

Мәселен, Талдықорған қаласында жалғызбасты қарттардың үйлеріне азық-түлік жиынтықтарын апарып табыстау, «Қарттарға көмек» акциясы аясында жалғызбасты қарттардың аулаларын, пәтерлерін тазалауға және тұрмыстық жұмыстарға көмектесу, саябақта серуендету, қарттардың өмір жолы, еңбек тәжірибесі және естеліктері туралы әңгіме-сұхбат ұйымдастыру сияқты бірқатар шаралар қарастырылған.

Ал Кербұлақ ауданында қарт адамдардың қысқы отындарын дайындауға көмектесу, жеке кәсіпкерлермен келісе отырып қарияларға монша, шаштараз, киім және аяқ киім жөндеу қызметтерін тегін ұйымдастыру, медициналық көмек қажет ететін қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық тексеруден өткізіп, көмек алуларына жәрдемдесу, мүгедектігі бар адамдар үшін аудандық ауруханада «Ашық есік күнін» өткізу сияқты игі шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Басқа аудан-қалалар да осындай мазмұндағы шаралар он күн көлемінде өткізіледі. Атап өтсек, онкүндік 10 қазанға дейін жалғасады.

Жалпы, Жетісу облысында 98 мың зейнеткер бар. Өңірде 6 белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс жасайды. Бұл мекемелерде зейнет жасындағы азаматтар үшін спорттық және мәдени демалыс ұйымдастыруға, олардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, психикалық саулығын нығайтуға барлық жағдай жасалған. Аталған орталықтарда күн сайын 500-ге жуық қарт қызмет алуда.

Фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Жұмабай Мұсабеков, Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.


ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қоғамда құқықтық сауаттылықты арттыру – құқықтық мемлекетті дамытудың маңызды бағыттарының бірі.

Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі заңдылықты сақтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және заңды мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылықтарының бірі ретінде танылады. Сондықтан әрбір азамат өзінің негізгі құқықтарын ғана емес, оларды жүзеге асыру және қорғау тәртібін де білуі қажет. Құқықтық сауаттылық тек заң нормаларын жаттап білумен шектелмейді. Оның негізгі мәні – қажетті құқықтық ақпаратты табу, оны дұрыс түсіну және нақты жағдайда заң талаптарына сәйкес қолдана білу. Құқықтық сауатты азамат өз құқықтарының бұзылғанын анықтап, оларды қорғаудың заңды жолдарын таңдай алады. Құқықтық сауаттылықтың маңызды бағыттарының бірі – азаматтардың сот арқылы қорғалу құқығын білуі. Азамат өзінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда сотқа жүгіну тәртібін, процессуалдық талаптарды және өз құқықтарын қорғау тәсілдерін түсінуі қажет. Бұл азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыруға және құқықтық мәселелерді заң шеңберінде шешуге ықпал етеді. Сонымен қатар құқықтық ақпараттың қолжетімді болуының маңызы зор. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына сәйкес нормативтік құқықтық актілер белгіленген тәртіппен ресми жарияланады. Азаматтар құқықтық мәселелер бойынша ақпаратты ресми құқықтық ресурстардан алғаны дұрыс, себебі заңнамаға өзгерістер енгізіліп отырады және нақты мәселені шешу кезінде қолданыстағы редакцияны пайдалану қажет. Құқықтық сауаттылық құқық бұзушылықтардың алдын алуда да маңызды рөл атқарады. Заң талаптарын білетін адам өзінің әрекетінің құқықтық салдарын бағалап, заңға қайшы әрекеттерден аулақ болуға мүмкіндік алады. Әсіресе жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді. Құқықтық сауаттылықты арттыру үшін құқықтық білім беруді жетілдіру, азаматтарға заң нормаларын түсінікті тілде түсіндіру, құқықтық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану қажет. Бұл бағытта мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының және сот жүйесінің құқықтық түсіндіру жұмыстары маңызды орын алады. Қорытындылай келе, құқықтық сауаттылық – азаматтың өз құқықтарын қорғауының және заң талаптарын орындауының маңызды негізі. Құқықтарын білетін және заңды құрметтейтін азаматтар санының артуы қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтып, заңдылық пен қоғамдық тәртіптің сақталуына оң әсер етеді. Сондықтан құқықтық сауаттылықты арттыру үздіксіз әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Тынысбекова Гаухар Кәрімқызы,
Ескелді аудандық сотының төрағасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМДЫҚ МІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін, қоғамның құндылықтарын ішінен ірітетін ең қауіпті кеселдің бірі. Бұл дертпен күресу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттің тұрақтылығы мен әділдікті орнату үшін жемқорлықтың зардабымен күресуден бұрын, оның алдын алу шараларын күшейту аса маңызды.

Жемқорлықтың алдын алудың ең басты құралы – қоғамда оған деген «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру. Ол үшін келесі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуі тиіс:

- Құқықтық сауаттылықты арттыру. Азаматтар өз құқықтарын жақсы білген жағдайда, пара беруден де, пара талап етуге көнуден де бас тартады.

-Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру. Адам факторын азайту, яғни мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру парақорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетеді.

-Ашықтық пен есептілік. Кез келген мемлекеттік органның, әсіресе бюджет қаражатының жұмсалуы халыққа ашық және қолжетімді болуы шарт.

-Тәрбие мен білім.

Жемқорлыққа қарсы сананы бала кезден, мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыру қажет. Адалдық, ар-ұят, әділдік сияқты құндылықтар білім беру жүйелінің негізіне айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам құру – болашақ ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

Әрбір азамат кез келген заңсыздыққа тосқауыл қойып, әділдікті жақтағанда ғана мемлекетіміздің іргесі берік, болашағы жарқын болады.

Жемқорлықпен күресті өзімізден, өз құқығымызды қорғаудан бастайық.

Ш.Бозов,
Ақын Сара
ауылдық округінің әкімі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Заң мен тәртіп – тұрақты әрі қауіпсіз қоғамның негізгі негіздерінің бірі. Қоғамда заң талаптары сақталған кезде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалып, адамдар арасында өзара сенім қалыптасады. Сондықтан заңды құрметтеу – әрбір азаматтың маңызды міндеті. Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады. Құқықтық мемлекеттің басты қағидаларының бірі – заңның үстемдігі. Заң барлық азаматтарға бірдей қолданылады және әр адам өз құқықтарымен қатар міндеттерін де білуі қажет. Заңды білу адамға өз құқықтарын қорғауға және жауапкершілігін түсінуге мүмкіндік береді. Заң мен тәртіпті қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының рөлі ерекше. Полиция, прокуратура және сот органдары қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға қызмет етеді. Алайда қоғамдық тәртіпті сақтау тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Әрбір азамат өз әрекеті үшін жауапкершілік танытып, басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуі тиіс. Заңға бағыну тек жазадан қорқумен шектелмеуі керек. Нағыз құқықтық мәдениет адамның заң талаптарын саналы түрде орындауынан көрінеді. Қоғамдық орында тәртіп сақтау, жол қозғалысы ережелерін орындау, өзгенің мүлкі мен құқықтарына құрметпен қарау – заң мен тәртіпті қалыптастыратын қарапайым әрекеттер. Қазіргі уақытта жастардың құқықтық сауаттылығын арттырудың маңызы зор. Өз құқықтары мен міндеттерін білетін жас азамат қоғамның дамуына жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан отбасында, мектепте және жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбиеге ерекше көңіл бөлу қажет. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Заңды сақтау, өз құқықтарын білу және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу арқылы әр азамат әділетті әрі қауіпсіз қоғам құруға өз үлесін қоса алады.

Идрисова Индира Кабдулдановна,
Ескелді ауданының сот әкімшісінің басшысы

АЛАКӨЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНДА ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ

Жетісу облысы, Алакөл ауданы – Алакөл аудандық орталық ауруханасында заманауи травматологиялық және хирургиялық медициналық көмек түрлерін енгізу жұмыстары жүйелі жүзеге асырылуда. Бұған дейін тек облыс орталығында жасалып келген жоғары технологиялық күрделі операциялар енді аудан деңгейінде орындалып жатыр.

Атап айтқанда, ауруханада сан сүйегінің күрделі әрі вертельаралық сынықтарын емдеуде гамма-стержень арқылы жабық блокталған интрамедуллярлық остеосинтез әдісі қолданысқа енгізілді. Бұл әдіс сынған сүйекті арнайы металл конструкциямен бекітуге мүмкіндік береді. Операцияның аз инвазивті болуы остеопорозы бар немесе ауыр жарақат алған науқастардың тез сауығуына, оңалтуды ерте бастауға және ұзақ төсек тартып жатудан болатын асқынулардың алдын алуға септігін тигізеді.

Жаңа технологияны медициналық тәжірибеге енгізуге аурухана директоры, травматолог-ортопед дәрігер Анарбек Монгол ұйытқы болып, тәлімгерлік етті. Кезекті күрделі отаны травматолог-ортопед дәрігер Жандос Садыков ассистент А.М. Әлеумет, анестезиолог Н.Б. Нұрқұс және операциялық бригаданың қатысуымен сәтті жүргізді.

Сонымен бірге ауруханада медицинаның өзге де жоғары технологиялық бағыттары дамып келеді. Мәселен, нейрохирургия саласы бойынша ми қабықтарын ашу арқылы 4-тен астам операция табысты орындалды.

Сондай-ақ мекеме басшысы Анарбек Монгол тұрғындарды тұрақты түрде жеке қабылдап, медициналық кеңестер беріп келеді. Мұндай қабылдаулар халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға және тиісті көмекті уақытылы ұйымдастыруға бағытталған.

Ең бастысы, бұл қымбат әрі күрделі операциялар Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында жүзеге асырылады. Бұл ауыл тұрғындары үшін қаржылық жүктемені азайтып, облыс орталығына бармай-ақ, жоғары деңгейлі емді өз тұрғылықты жерінде алуға жағдай жасап отыр.

В АЛАКОЛЬСКОЙ РАЙОННОЙ БОЛЬНИЦЕ СТАЛИ ДОСТУПНЕЕ ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧНЫЕ ОПЕРАЦИИ

Область Жетісу, Алакольский район — В Алакольской районной центральной больнице системно внедряются современные виды травматологической и хирургической медицинской помощи. Ряд высокотехнологичных операций, которые ранее выполнялись преимущественно в областном центре, теперь доступен жителям района непосредственно по месту проживания.

В частности, при лечении сложных и вертельных переломов бедренной кости со смещением, а также у пациентов с остеопорозом применяется передовой метод — закрытый блокированный интрамедуллярный остеосинтез гамма-стержнем. Метод позволяет надежно фиксировать отломки костей с помощью специальной металлоконструкции. Малоинвазивный характер вмешательства способствует ранней активизации пациента, своевременной реабилитации и снижает риск осложнений, связанных с длительной неподвижностью.

Внедрение технологии в клиническую практику больницы началось по инициативе и при наставничестве директора медучреждения, врача-травматолога-ортопеда Анарбека Монгола. Очередную успешную операцию провел врач-травматолог-ортопед Жандос Садыков совместно с ассистентом А. М. Алеумет, анестезиологом Н. Б. Нуркус и операционной бригадой.Помимо травматологии, в больнице активно развиваются и другие высокотехнологичные направления. В нейрохирургии уже успешно выполнено более четырех операций со вскрытием мозговых оболочек.

Параллельно директор больницы Анарбек Монгол регулярно ведет личный прием граждан, оказывая квалифицированные консультации, повышая медицинскую грамотность населения и оперативно организуя необходимую помощь.

Важно отметить, что данные высокотехнологичные операции оказываются в рамках системы обязательного социального медицинского страхования (ОСМС). Это делает дорогостоящее лечение бесплатным и доступным для жителей района по медицинским показаниям, освобождая их от необходимости поездок в областной центр и снижая финансовую нагрузку на бюджет семьи.

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Бүгінгі баяндамамыздың негізгі тақырыбы – қоғам үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып отырған нашақорлықтың профилактикасы, есірткі қылмысының алдын алу және жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Нашақорлық – адамның денсаулығына, отбасына және жалпы қоғамға кері әсерін тигізетін әлеуметтік мәселе. Сондықтан оның алдын алу бағытындағы түсіндіру, ақпараттық-насихат жұмыстарының маңызы зор.

2026 жылдың III тоқсанының қорытындысы бойынша Төлеңгіт ауылдық округінде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер арқылы есірткінің зияны туралы ақпараттық материалдар жарияланып, ауылдық округ тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

9 қыркүйек 2026 жылы Жетісу ауылында «Нашақорлыққа жол жоқ – спортқа жол көп!» атты аймақтық шағын футбол жарысы өткізілді. Іс-шара аудан, ауыл және қала тұрғындарының қатысуымен ұйымдастырылып, Жетісу ауылының Ақсақалдар төрағасы Болат Омаровпен бірлесіп өткізілді. Есірткі құрамды жабайы өсімдіктердің заңсыз таралуының алдын алу мақсатында да тиісті жұмыстар жүргізілді. 10 тамыз күні «Нашақорлыққа жол жоқ» атты ақпараттық материал әлеуметтік желілерге таратылды. Материалда нашақорлықтың адам денсаулығына, отбасына және қоғамға тигізетін зияны түсіндіріліп, жастарды есірткіден аулақ болуға, құқықтық сауаттылығын арттыруға және салауатты өмір салтын ұстануға шақыру көзделді.Сондай-ақ, 25 тамыз күні «Eskeldi jastary» және Төлеңгіт ауылдық округі әкімдігінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысының ұйымдастыруымен «Нашақорлыққа жол жоқ» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ» акциялары өткізілді. Акция барысында нашақорлықтың зияны түсіндіріліп, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Қорытындылай келе, нашақорлықтың алдын алу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спортқа, өнерге және қоғамдық жұмыстарға тарту – зиянды әдеттердің алдын алудың маңызды бағыттарының бірі. Біздің басты мақсатымыз – салауатты ұрпақ тәрбиелеу, жастарды есірткіден қорғау, құқықтық мәдениетін арттыру және қауіпсіз қоғам қалыптастыру.

Л.Копабаева,
Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ВПЕРВЫЕ ПРОВЕДЕНА ВЫСОКОТЕХНОЛОГИЧНАЯ ОПЕРАЦИЯ ПО УСТАНОВКЕ НЕЙРОСТИМУЛЯТОРА БЛУЖДАЮЩЕГО НЕРВА

В медицинском центре «ХАК Медикал» впервые в области Жетісу на современном высокотехнологичном оборудовании успешно проведена операция по установке нейростимулятора блуждающего нерва пациенту с эпилепсией.

На сегодняшний день «ХАК Медикал» является единственным медицинским центром в области Жетісу, где проводится данная высокотехнологичная операция.

Метод применяется у пациентов с фармакорезистентной эпилепсией — состоянием, при котором противоэпилептические препараты не обеспечивают необходимого контроля над приступами.

Важно отметить, что нейростимулятор не излечивает эпилепсию полностью и не гарантирует полного прекращения приступов. Вместе с тем данный метод может значительно снизить частоту и тяжесть приступов, улучшить качество жизни пациента и повысить эффективность комплексного лечения.

Данная медицинская помощь оказывается в рамках системы обязательного социального медицинского страхования (ОСМС). Благодаря этому жители области получают возможность пройти высокотехнологичное лечение в рамках действующей системы медицинской помощи.

Проведение такой операции в области Жетісу является значимым событием для региона и открывает новые возможности для оказания специализированной медицинской помощи пациентам со сложными формами эпилепсии.

Теперь жители региона могут получить данную высокотехнологичную медицинскую помощь в медицинском центре «ХАК Медикал».

Филиал по области Жетісу
НАО «Фонд социального медицинского страхования»

ОБЩЕСТВО БЕЗ НАРКОТИКОВ — БУДУЩЕЕ НАЦИИ

Наркомания является одной из серьезных социальных проблем современного общества. Она наносит вред не только здоровью человека, но и отрицательно влияет на его семью, окружение и общество в целом. Именно поэтому профилактика наркомании, пропаганда здорового образа жизни и формирование ответственного отношения к своему здоровью являются важными задачами всего общества.

Особое внимание в данном вопросе необходимо уделять подрастающему поколению. Молодежь – это будущее страны, и от того, какие жизненные ценности будут сформированы у молодых людей, во многом зависит дальнейшее развитие общества.

Здоровый образ жизни – правильный выбор

Здоровье – одно из главных богатств человека. Каждый человек должен осознанно относиться к своему образу жизни, избегать вредных привычек и стремиться к физическому и духовному развитию.

Занятия спортом, активный отдых, творчество, чтение, получение новых знаний и участие в общественной жизни помогают молодым людям проводить свободное время с пользой. Спорт воспитывает дисциплину, силу воли, целеустремленность и ответственность.

Важную роль в профилактике вредных привычек играют спортивные секции и культурные учреждения. Различные соревнования, творческие конкурсы, молодежные встречи и другие мероприятия помогают раскрывать способности молодых людей и направлять их энергию в созидательное русло.

Большое значение в формировании правильных жизненных установок имеет семья. Именно родители с раннего возраста прививают детям нормы поведения, рассказывают о ценности здоровья и учат отличать правильные поступки от неправильных.

Доверительные отношения между родителями и детьми позволяют своевременно замечать проблемы и вместе находить пути их решения. Ребенок должен знать, что в трудной ситуации он всегда может обратиться за помощью к своим близким.

Важно не только запрещать вредные привычки, но и объяснять их последствия. Открытый разговор, внимание к интересам ребенка, поддержка и понимание помогают сформировать у подростка ответственное отношение к собственной жизни.Современная молодежь имеет широкие возможности для получения образования, развития своих способностей и реализации различных проектов. Каждый молодой человек может выбрать направление, которое поможет ему добиться поставленных целей.

Образование, спорт, труд и творчество являются важными составляющими успешного будущего. Молодому человеку необходимо ставить перед собой конкретные цели, развиваться и стремиться к новым достижениям.

Особое значение имеет правильное окружение. Друзья и близкие люди могут оказывать большое влияние на взгляды и поведение человека. Поэтому важно выбирать окружение, которое поддерживает стремление к развитию и здоровому образу жизни.

Предупреждение наркомании невозможно без совместной работы семьи, школы, медицинских работников, правоохранительных органов, общественных организаций и самих молодых людей.

В образовательных учреждениях проводятся профилактические беседы, встречи, лекции, тематические мероприятия и спортивные акции. Их основная цель – повысить информированность молодежи о последствиях употребления наркотических веществ и сформировать ответственное отношение к своему здоровью.

Не менее важна и правовая грамотность. Каждый человек должен понимать, что незаконный оборот наркотических средств является серьезным правонарушением и влечет предусмотренную законом ответственность.Создание общества, свободного от наркотиков, начинается с каждого человека. Важно помнить, что здоровье и жизнь – это ценности, которые нельзя заменить никакими временными увлечениями.

Каждый молодой человек должен иметь возможность реализовать свои способности, получить хорошее образование, заниматься любимым делом и строить планы на будущее. Задача взрослых – поддерживать молодежь, создавать условия для ее развития и помогать делать правильный выбор.

Здоровое поколение – это сильное общество и надежное будущее страны. Поэтому профилактика наркомании должна оставаться одним из важных направлений воспитательной и общественной работы.

Пусть выбор каждого молодого человека будет выбором в пользу здоровья, образования, спорта, труда и счастливого будущего!

Общество без наркотиков – это здоровое поколение, крепкая семья и сильное государство.

ҚАРИЯСЫ БАР ЕЛДІҢ – ҚАЗЫНАСЫ БАР

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында үлкенді сыйлау, қарияны қадірлеу, ақсақалдың батасын алу, ақ жаулықты әженің тәрбиесін тыңдау айрықша орын алған. «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра», «Ақыл жастан, асыл тастан» деген сынды нақыл сөздер халқымыздың үлкенге деген құрметінің терең тамырын көрсетеді. Өйткені қария – отбасының ғана емес, тұтас қоғамның рухани тірегі.

Жыл сайын 1 қазан – Халықаралық қарттар күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн – аға буын өкілдеріне ерекше құрмет көрсетіп, олардың ел мен қоғамға сіңірген еңбегін бағалайтын, өнегелі өмір жолын ұлықтайтын айтулы күн. Қарттар күні – бір күндік мереке ғана емес, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтатын, адамгершілік пен ізгілікті дәріптейтін маңызды мереке.

Әрбір қарияның артында үлкен өмір жолы жатыр. Бір қарағанда қарапайым ғана көрінетін қарттың ғұмырында талай тарихи кезең, қуаныш пен қайғы, еңбек пен бейнет, жеңіс пен сынақ бар. Олардың жастық шағы елдің қалыптасу кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Таңның атысынан күннің батысына дейін еңбек етіп, отбасын асырап, бала тәрбиелеп, елдің дамуына өз үлестерін қосты. Бүгінгі ұрпаққа бейбіт өмір мен берекелі тіршілікті аманат етіп отырған да – осы аға буын.

Қариялар – тірі тарих. Олардың әрбір әңгімесінен өткен күннің ізі, әрбір сөзінен өмірлік тәжірибе аңғарылады. Қазіргі жастар үшін кейбір тарихи оқиғалар кітап бетінде немесе архив құжаттарында ғана сақталуы мүмкін. Ал сол кезеңдерді өз көзімен көрген қариялар үшін ол – өмірінің бір бөлшегі.

Аға буын өкілдері жастайынан еңбекке араласып, елдің тұрмысын жақсартуға атсалысты. Ауылдың шаруашылығында маңдай терін төккен еңбеккерлер, мектепте бала тәрбиелеген ұстаздар, ел денсаулығын күзеткен медицина қызметкерлері, мәдениет саласында халыққа рухани қызмет көрсеткен өнер адамдары, өндіріс пен құрылыс саласының мамандары – бәрі де ел тарихында өзіндік із қалдырды.

Олардың өмірі – кейінгі ұрпақ үшін еңбекқорлықтың, төзімділіктің, жауапкершіліктің үлгісі. Қазіргі таңда зейнет жасында отырғанымен, олардың елге деген жанашырлығы, туған жерге деген сүйіспеншілігі, кейінгі буынға деген ақыл-кеңесі ешқашан толастаған емес.

Кейбір қариялар қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастармен кездесулерге қатысып, түрлі шараларда ақ батасын беріп жүр. Өздерінің еңбек жолын, өмірлік тәжірибесін ортаға салып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар береді. Мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні зор. Себебі кітаптан оқыған мен өмірден көргеннің айырмашылығы бар. Қарияның айтқан бір ауыз сөзі кейде ұзақ лекциядан да әсерлі болуы мүмкін.

Қария – отбасының берекесі

Қазақ отбасында ата мен әженің орны ерекше. Бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша немеренің тәрбиесіне ата-әже де араласқан. Әженің әлдиін тыңдап, атаның әңгімесін естіп өскен бала ұлттық тәрбиені бойына сіңірген.

Әже тәрбиесі – мейірімнің мектебі. Ақ жаулықты әжелер немерелеріне бесік жырын айтып, ертегі мен аңыз-әңгімелерді баяндап, үлкенді сыйлау мен кішіге қамқор болуды үйреткен. Ал аталарымыз ел тарихын, ата-тегін, салт-дәстүрді айтып, ұрпағын отансүйгіштікке тәрбиелеген.

Бүгінгі таңда да ата-әженің отбасындағы рөлі айрықша. Немересінің жетістігіне қуанып, оның алғашқы қадамын көріп, мектепке барғанына сүйсініп, ер жетіп, ел қатарына қосылғанын мақтан тұту – қария үшін үлкен бақыт.

Қарттық – адамның өмір жолының заңды кезеңі. Адам бұл жасқа жеткенде дүние-мүліктен гөрі жақындарының ықыласын, балалары мен немерелерінің амандығын, жанындағы адамдардың жылы сөзін көбірек бағалайды. Сондықтан қарттарға құрмет көрсету – ең алдымен отбасыдан басталуы керек.

Қазақта үлкенге сәлем беру – тәрбиенің бастауы саналған. Үлкен кісі келгенде орнынан тұру, төрге шығару, жол беру, батасын алу – халқымыздың ежелгі дәстүрі.

Бұл дәстүрлердің барлығы бүгінгі қоғам үшін де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, жылдам өзгеріп жатқан заманда адамгершілік құндылықтарды сақтау бұрынғыдан да маңызды.

Жастардың бойында үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу, қарияға қамқор болу қасиеттерін қалыптастыру – отбасы мен қоғамның ортақ міндеті. Себебі үлкенге құрмет көрсеткен ұрпақтың өзінен кейінгі буынға да сол ізгілікті жеткізері анық.

Қарияға көмектесу үшін міндетті түрде үлкен іс жасау қажет емес. Қарапайым ғана амандасу, хал-жағдайын сұрау, ауыр затын көтерісу, жолдан өткізу, жалғыз тұратын қарияның үйіне барып, әңгімесін тыңдау – үлкен ізеттің белгісі.

Кейде біз қарияларға материалдық көмек керек деп ойлаймыз. Әрине, тұрмыстық қолдаудың маңызы бар. Бірақ одан кем түспейтін тағы бір дүние – көңіл бөлу. Қарияның әңгімесін тыңдау, пікіріне құлақ асу, жанында болу – оның көңіліне жылу сыйлайды.

Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттың негізі

Қоғамның дамуы ұрпақтар сабақтастығымен тығыз байланысты. Үлкен буын – тәжірибенің, ал жас буын – жаңашылдықтың өкілі. Бірі өмірден жинаған білімін берсе, екіншісі оны жаңа заман талаптарымен ұштастырады.

Осы тұрғыдан алғанда, қариялардың өмірлік тәжірибесі жастар үшін үлкен мектеп. Олар адал еңбектің қадірін, отбасының қасиетін, ел мен жердің бағасын жақсы біледі. Сондықтан ағa буынның өнегесін кейінгі ұрпаққа жеткізу – маңызды міндет.

Жастар технологияны, заманауи білімді, жаңа кәсіптерді меңгеріп жатса, қариялар ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, өмірлік ұстанымдарды үйретеді. Екі буын бір-бірінен үйренген жағдайда қоғамда өзара түсіністік пен сыйластық нығая түседі.

Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз – тек өткенді еске алу емес. Ол – өткеннен сабақ алып, бүгінді бағалап, болашақты бірге қалыптастыру.

Еңбекпен өрілген ғұмыр

Қариялардың басым бөлігі еңбекпен есейіп, еңбектің қадірін жақсы біледі. Олардың өмір жолында талай жыл маңдай термен өткен.

Бүгінгі күні зейнет демалысында жүрген көптеген ардагердің еңбек кітапшасында ондаған жылдық еңбек өтілі бар. Бір мекемеде бірнеше онжылдық қызмет атқарып, талай жас маманды тәрбиелеп, өз ісінің қыр-сырын үйреткен азаматтар аз емес. Олардың әрқайсысы ел дамуына өзіндік үлес қосты. Еңбегімен ауылдың көркеюіне атсалысқан, мектептің дамуына үлес қосқан, мәдениеттің өркендеуіне еңбек сіңірген, денсаулық сақтау саласында талай адамның өміріне араша болған жандардың еңбегі ешқашан ұмытылмауы керек.

Қарттар күні осындай жандардың еңбегін тағы бір мәрте еске алып, оларға алғыс айтудың жақсы мүмкіндігі.

Ақ батаның қасиеті

Қазақ үшін батаның орны бөлек. Ақсақалдың батасы – халықтың рухани мұрасы. Дастарқан басында, мерекелік шараларда, үлкен жиындарда қариялардың ақ тілегін алу – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі.

«Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген сөз осының айғағы.

Қарияның батасы – жас ұрпаққа деген ақ ниет. Онда елдің амандығы, ұрпақтың бақыты, шаңырақтың берекесі, туған жердің тыныштығы тіленеді.

Сондықтан жас буынның үлкендердің батасын алып өсуі – ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі. Ақсақалдың сөзін тыңдап, ақ жаулықты әженің ақылын естіп өскен бала өз тамырын, тарихын, дәстүрін жақсы түсінеді.

Қарттар – қоғамның құрметті мүшелері

Қарттар күніне орай ұйымдастырылатын мәдени-көпшілік шаралардың да өзіндік орны бар. Мұндай басқосуларда ардагерлермен кездесулер өткізіліп, олардың еңбегі дәріптеліп, өнерпаздар ән мен күйден шашу шашады.

Мерекелік шаралар қариялarға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймайды. Олар ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, жастарға үлкенді сыйлаудың маңызын түсіндіреді.

Аудандық мәдениет үйлерінде, кітапханаларда, білім беру ұйымдарында ұйымдастырылатын кездесулерде еңбек ардагерлері мен жастардың жүздесуі – жақсы дәстүр. Қариялар өздерінің өмір жолын әңгімелеп, жастардың сұрақтарына жауап беріп, ақыл-кеңестерін айтады.

Осындай кездесулер кезінде аға буын өкілдерінің өмірге деген көзқарасы, еңбекке деген адалдығы, қиындыққа мойымайтын қайсарлығы кейінгі ұрпаққа үлкен ой салады.

Қарияны құрметтеу – белгілі бір күнге ғана тиесілі міндет емес. Бұл – күнделікті өмірдегі адамдық парыз.

Қарт ата-анасына қамқор болған перзент – өзінің баласына да өнеге көрсетеді. Үйде үлкенді сыйлаған бала ертең қоғамда да сыйластықты сақтайды.

Сондықтан қарттарға деген қамқорлықты отбасы тәрбиесінен бастау қажет. Балаларға ата-әжесін қадірлеуді, олардың сөзін тыңдауды, көмектесуді үйреткен жөн.

Қоғамның өркениеті тек экономикасымен немесе технологиясымен өлшенбейді. Оның адамға деген қарым-қатынасынан да көрінеді. Әлсізге қолдау көрсету, үлкенге құрмет білдіру, қартты жалғыз қалдырмау – адамгершіліктің нақты көрінісі.

Қарияның көңілі – баладай

Қартайған адамға кейде бір ауыз жылы сөздің өзі үлкен қуаныш сыйлайды. «Амансыз ба?», «Денсаулығыңыз қалай?», «Көмек керек емес пе?» деген қарапайым сөздердің өзі қарияның көңілін көтереді.

Қарттардың көбі өмір бойы балалары үшін еңбек етті. Бала өсіріп, үйлі-жайлы етті. Енді сол балаларынан тек мейірім мен көңіл күтеді.

Сондықтан ата-ананың, ата-әженің жанында болып, жағдайын сұрап тұру – перзенттік міндет. Уақыт тауып қоңырау шалу, арнайы барып сәлем беру, бірге отырып әңгімелесу – үлкен сый.

Өйткені уақыт өте келе біз де сол жастың табалдырығына жетеміз. Бүгінгі көрсеткен құрметіміз ертеңгі ұрпақтың бізге деген қарым-қатынасына айналады.

Жастарға берер өнегесі мол

Қариялардың жастарға айтар ақылы көп. Олар еңбек етудің, үнемшілдіктің, сабырдың, төзімділіктің қадірін жақсы біледі.

Қазіргі жас ұрпақтың мүмкіндігі мол. Білім алуға, әлемнің кез келген жерінен ақпарат іздеуге, жаңа мамандық меңгеруге жағдай бар. Бірақ осы мүмкіндіктермен қатар өмірлік құндылықтарды да ұмытпау керек.

Адал еңбек, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-ананы қадірлеу, туған жерді сүю, елге қызмет ету – қай заманда да маңызын жоғалтпайтын құндылықтар.

Бұл құндылықтарды кейінгі буынға жеткізуде қариялардың орны ерекше.

Асыл қазынаны ардақтайық

Қарттар – халқымыздың баға жетпес қазынасы. Олардың өмір жолы мен еңбек тәжірибесі, ақыл-кеңесі мен батасы – кейінгі ұрпаққа қалдырған үлкен мұрасы.

Сондықтан қарттарымызды құрметтеу – баршаға ортақ міндет. Олардың әрбір айтқан сөзін, өмірден түйген әрбір тағылымын бағалай білуіміз керек.

Қариясын қадірлеген елдің бірлігі бекем, болашағы берік болады. Өйткені үлкеннің батасы мен өнегесі – елдің рухани негізі.

Қарттар күні – бізге осыны тағы бір мәрте еске салатын ерекше күн. Бұл күні әрбір адам өз өмірінде із қалдырған ата-анасын, ата-әжесін, ұстазын, еңбек ардагерлерін еске алып, алғыс білдірсе игі.

Қарияларымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен қуаныш кетпесін! Әр шаңырақта ақсақалдың ақылы, әженің мейірімі, баланың күлкісі қатар естілсін. Аға буынның өнегесі жас ұрпаққа жол көрсетіп, ұрпақтар сабақтастығы жалғаса берсін.

Қариясы бар ел – қазыналы ел. Үлкенін сыйлаған ұрпақтың келешегі де кемел болмақ. Ендеше, елдің өткенін арқалап, бүгінін бағалап, болашағына бата беріп отырған ардақты қарияларымызды әрдайым аялап, ардақтайық!

МУДРОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ – БЕСЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ

В жизни каждого человека есть люди, чей жизненный опыт, добрые советы и мудрые слова остаются в памяти на долгие годы. Это наши родители, бабушки и дедушки, ветераны труда и представители старшего поколения. За их плечами – годы труда, жизненных испытаний, радостей и достижений. Именно поэтому мудрость старшего поколения является бесценным наследием, которое необходимо бережно сохранять и передавать молодым.

Уважение к старшим всегда занимало особое место в культуре казахского народа. С древних времен аксакалы и старшие женщины пользовались большим авторитетом. К их словам прислушивались, их советы ценили, а благословение считалось добрым напутствием на жизненном пути. Традиция почитания старших сохранилась и в наши дни.

Связь поколений

Преемственность поколений – одна из главных основ любого общества. Старшее поколение передает молодежи накопленный опыт и знания, а молодые люди, в свою очередь, продолжают развивать и приумножать достижения своих предшественников.

Особенно важно сохранять эту связь в современном мире, где стремительно меняются технологии, образ жизни и общественные отношения. Современная молодежь имеет большие возможности для получения образования и профессионального развития, однако знания о прошлом и уважение к традициям остаются не менее важными.

Именно старшие помогают молодому поколению помнить свои корни, знать историю семьи и родного края, уважать национальные традиции и культуру.

Семья – начало воспитания

Главная роль в сохранении уважения к старшему поколению принадлежит семье. Ребенок учится отношению к окружающим прежде всего на примере своих родителей. Если в семье принято уважать бабушку и дедушку, заботиться о них и прислушиваться к их мнению, ребенок воспринимает это как естественную норму жизни.

Бабушки и дедушки занимают особое место в воспитании внуков. Они рассказывают семейные истории, знакомят детей с традициями, передают народные обычаи и просто дарят им любовь и тепло.

Для пожилого человека нет большей радости, чем видеть рядом своих детей и внуков, радоваться их успехам и чувствовать себя нужным своей семье.

Простое внимание – большая забота

Забота о пожилых людях не должна ограничиваться праздничными датами. Внимание и уважение необходимы им каждый день.

Иногда для того, чтобы порадовать пожилого человека, достаточно позвонить и узнать о его самочувствии, навестить, помочь по хозяйству или просто поговорить по душам. Для многих старших людей именно внимание близких является самым ценным подарком.

Важно помнить: годы, которые наши родители и старшие родственники посвятили воспитанию детей и заботе о семье, не должны быть забыты. Теперь наша очередь окружить их вниманием и заботой.

Уважение – основа общества

Отношение к пожилым людям является одним из показателей культуры и нравственности общества. Заботясь о старшем поколении, мы не только проявляем человеческую доброту, но и воспитываем в себе такие качества, как милосердие, ответственность и благодарность.

Молодому поколению важно понимать, что сегодняшнее благополучие создавалось трудом многих людей. Достижения страны, развитие городов и сел, образование, культура и социальная сфера – во всем этом есть труд представителей старшего поколения.

Поэтому их опыт необходимо ценить, а их вклад – помнить.

С каждым годом меняется мир, появляются новые технологии и возможности. Но такие ценности, как уважение, доброта, честность, трудолюбие и любовь к семье, остаются неизменными.

Именно старшее поколение является хранителем этих ценностей. Их рассказы и воспоминания – это своеобразная живая история. Очень важно слушать их, записывать семейные истории, сохранять фотографии и документы, передавать воспоминания следующим поколениям.

Пока мы помним своих старших, мы сохраняем связь с прошлым. А человек, который знает свои корни, лучше понимает настоящее и увереннее смотрит в будущее.

Старшее поколение – это наша память, наша история и наша духовная опора. Их мудрость является бесценным наследием, которое нельзя измерить материальными ценностями.

Пусть в каждом доме царят уважение и забота, пусть дети и внуки чаще навещают своих родных, а старшие всегда чувствуют тепло и внимание близких.

Беречь старших – значит беречь свою историю. Уважать их мудрость – значит сохранять связь поколений. А передавать их жизненный опыт молодежи – значит заботиться о будущем.

Пусть мудрость поколений продолжает жить в добрых делах, семейных традициях и сердцах молодых!

МЕРЕКЕҢМЕН, АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗДАРЫ!

Ляззат Керімбайқызы, дара тұлға,
Мектепті бастап келер жарық жолға.
Ұстаздар мерекесі құтты болсын,
Жете беріңіз әлі талай асқар шыңға!

****

Әрқашан табысты боп, гүлденіңіз,
Шаттыққа толы болсын күндеріңіз.
Мектептің мәртебесін асқақтатып,
Тек қана биіктерден көрініңіз!





Мектептің ұйытқысы – әкімшілік,
Жасайтын ұрпақ үшін бар кісілік.
Ұстаздар мерекесі құтты болсын,
Әр істе серік болсын тек сәттілік!

****

Оқу мен тәрбиені қатар алып,
Мектептің дамуына бар күш салып.
Жемісті бола берсін еңбегіңіз,
Көрініңіз биіктен жарқырап, жаныңып!

Табиғаттың тылсым сырын ақтарып,
Оқушыға білім берген шаттанып.
Жаратылыс заңдылығын үйреткен,
Сіздерменен жүреміз біз мақтанып!

***

Жер мен аспан, ғаламшардың кеңдігін,
Түсіндіріп, дәлелдеген теңдігін.
Құпиясын тіршіліктің ұқтырған,
Құтты болсын мерекеңіз бұл бүгін!





Спортпен біздің денсаулықты шыңдаған,
Еңбек етіп, ешқашанда тынбаған.
Әскери іс, патриоттық рух беріп,
Шәкірттері үлгі тұтып, тыңдаған.

****

Бойымызға ептілікті дарытқан,
Отаншыл қып, ерлік сырын танытқан.
Мерекеңіз құтты болсын, ұстаздар,
Абырой мен құрмет көріп халықтан!

Қазақ, орыс, ағылшынды үйреткен,
Сөз маржанын шәкіртіне меңгерткен.
Тарихынан ғасырлардың сыр шертіп,
Сіздерсіздер жүректерге нұр төккен.

****

Тіл мен тарих – ұлттың ұлы тірегі,
Білім берген ұстаз – мектеп жүрегі.
Мерекеңіз құтты болсын бүгінгі,
Қабыл болып шәкірттердің тілегі!



Мейірімін сәбилерге төгетін,
Анасындай қамқор болып жүретін.
Балабақша тәрбиеші апайы,
Бүлдіршіннің бал күлкісін көретін.

****

Ертеңіне елдің үміт сыйлаған,
Бар жақсысын балаларға жинаған.
Мерекеңіз құтты болсын, апайлар,
Жүрегінен мейірімін тыймаған!





Сырлы әлемнің есіктерін ашатын,
Оқырманға білім нұрын шашатын.
Кітапхана апайымыз аяулы,
Жүрегінен жылы мейірім тасатын.

****

Ұстаздардың мерекесі құтты болсын,
Кітапхана оқырманға лық толсын.
Еңбегіңіз жана беріп әрқашан,
Шаңырақка бақ пен ырыс кеп қонсын!

Абай орта мектебінің ұстаздары,
Шәкіртінің көктемі мен жарқын жазы.
Алғыспенен бас иер барша қауым,
Сарқылмасын парасат, білім сазы!
Құрметті аяулы да ардақты ұстаздарымыз!
Сіздерді келіп жеткен Ұстаздар күнімен 7 а - сынып оқушылары атынан шын жүректен құттықтаймыз!



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ОРДАСЫ



Білім – болашаққа бастар жол, ал мектеп – сол жолдағы алғашқы шамшырақ.Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөліміне қарасты Абай атындағы орта мектебі – білім мен тәрбиені ұштастырып, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына бағыт беріп келе жатқан білім ордасы.

Мектеп – тек білім беретін мекеме ғана емес, баланың арманын қанаттандырып, қабілетін ашып, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін қасиетті шаңырақ. Осы орайда мектебіміздің басты мақсаты – сапалы білім беру-мен қатар, елін сүйетін, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, жауапкершілігі жоғары, білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу.

Мектеп ұжымы оқу-тәрбие үдерісінде заманауи білім беру әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ерекше мән береді. Әр сабақ – жаңа мүмкіндік, әр оқушы – үлкен үміт. Ұстаздар қауымы шәкірттерінің білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың өз ойын еркін жеткізуіне, ізденуіне және жаңашылдыққа ұмтылуына жағдай жасайды.

«Ұстаз – ұлы тұлға» деген сөздің мәні де осында. Мектептің жетістігі – ең алдымен, ізденімпаз ұстаз бен талапты шәкірттің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Ұстаздарымыз әр оқушының бойындағы қабілетті байқап, оны дамытуға бағыт-бағдар береді. Ал оқушыларымыз білім сайыстарында, ғылыми жобаларда, шығармашылық және спорттық байқауларда өз мүмкіндіктерін танытып, мектеп абыройын асқақтатып келеді.

Мектебімізде оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға да үлкен көңіл бөлінеді. Өзін-өзі басқару ұйымдары, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, жобалар мен акциялар оқушыларды жауапкершілікке, ұйымшылдыққа және ел болашағына бейжай қарамауға тәрбиелейді.

Абай атындағы мектеп болғандықтан, ұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген тағылымды сөзі – білім ордасының рухани бағдарларының бірі. Абай мұрасы оқушыны білімге, еңбекке, адамгершілікке, талап пен ізденіске үндейді. Сондықтан мектебімізде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен ұлы ойшылдың өнегесін жас ұрпақтың бойына сіңіру бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүзеге асырылады.Мектеп – өткенді құрметтеп, бүгінді бағалап, болашаққа жол ашатын мекен.

Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ел азаматы. Оның бойына білім мен ізгілікті қатар сіңіру – баршамызға ортақ міндет.

Абай атындағы орта мектебі – талай шәкірттің алғашқы арманын қанаттандырған, талай ұстаздың еңбегін тоғыстырған, білім мен тәрбиені биік қойған қара шаңырақ.

Біздің мектептің ең үлкен байлығы – оның білімге құштар шәкірттері, өз ісіне адал ұстаздары және бір мақсатқа жұмылған ұйымшыл ұжымы.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі. Ал сол болашаққа бастар жол Абай атындағы орта мектебінен басталады.

Ұстаздармен теңесе алар қай маман?
Қалам алып оңашада ойланам.
Ұстаз деген жер бетінде жалғыз жан,
Бүгіні мен болашағын ойлаған.

***

Білім үшін берік ұстап сабырын,
Оқушыға білім бермек әлі мың.
Әр шәкіртті баласындай баптайды,
Жанұясы болса дағы бәрінің.

***

Білім нәрін саналарға тамызды әр,
Сол үшінде оқушылар жалындар.
Жер бетінде сан мың шәкірт болса да,
Соның бәрі бір ұстазға қарыздар!

***

Мұғалімді жақыным деп қараймын,
Қолдарына шырақ берген талайдың.
Дәл осындай ұлағатты ұстаздар,
Екінші үйім- мектебінде Абайдың.

***

Біздер үшін жүрегі шын ауырған,
Қиын сәтте қасымыздан табылған.
Соның бәрі ұстаздардың арқасы,
Талай тұлға шығып жатыр ауылдан.

***

Шуақты боп ата берсін әр күнің,
Әлі талай арналады сан жырым.
Ұлағатты ұстаздардың күнімен,
Құттықтаймын Мұғалімнің барлығын

Құрманғали Шынар Болатқызы



Қолымызға алғаш қалам ұстатқан,
Әріп танып, сөз оқуды ұқтырған.
Бастауыштың ұстаздары аяулы,
Білім жолын жарқын етіп нұсқаған.

****

Кішкентайдан тәрбиелеп, өсірген,
Балалықтың тентектігін кешірген.
Мерекеңіз құтты болсын, ұстаздар,
Шәкірттерін биіктерге көшірген!

ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ БЕРЕКЕСІ, ТУРИЗМ – ЕЛДІҢ МЕРЕЙІ



30 қыркүйек күні аудандық мәдениет үйінде Еңбек күні мен Дүниежүзілік туризм күніне орай «Еңбек – елдің берекесі, туризм – елдің мерейі» атты мерекелік концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген еңбек адамдарының еңбегін дәріптеу, туған өлкенің туристік әлеуетін таныту, жастарға еңбексүйгіштік пен отансүйгіштік құндылықтарды насихаттау мақсатында өткен тағылымды шараға аудан тұрғындары, еңбек ардагерлері, сала мамандары, мәдениет қызметкерлері мен жастар қатысты.

Мерекелік кештің негізгі өзегі – еңбекті ел дамуының берік негізі ретінде бағалау және туған өлкенің көрікті жерлерін, тарихи-мәдени мұрасын кеңінен таныту болды. Себебі елдің берекесі де, халықтың тұрмысының жақсаруы да адал еңбекпен тығыз байланысты. Ал туризм – өңірдің табиғи байлығын, тарихы мен мәдениетін дәріптеп, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыратын маңызды салалардың бірі.

Шара барысында ел игілігі жолында маңдай терін төгіп, әр саланың дамуына өз үлесін қосып жүрген еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетілді. Адал еңбегімен абыройға бөленген азаматтардың жетістігі кейінгі буынға үлгі екені атап өтілді. Еңбек адамының еңбегін бағалау – қоғамның ортақ парызы. Өйткені әрбір жетістіктің артында табандылық, жауапкершілік, кәсіби білік және тынымсыз ізденіс жатыр.

Кеш барысында еңбек адамдарының қоғамдағы орны мен маңызы туралы жылы лебіздер айтылып, ел дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдірілді. Әсіресе, өз ісіне адалдық танытып, ұзақ жылдар бойы бір салада еңбек етіп келе жатқан жандардың өмір жолы жастарға өнеге екені сөз болды.

Мерекелік концерттің екінші маңызды бағыты – туризм саласын насихаттау. Туған жердің табиғаты мен тарихи орындарын таныстыру, өлкенің туристік мүмкіндіктерін арттыру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Өйткені туризм тек демалыс пен саяхат саласы ғана емес, ол – ел тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін әлемге танытудың тиімді жолы.

Ауданымыздың табиғаты ерекше көркем, тарихы терең, мәдени мұрасы бай. Осындай құндылықтарды сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет. Туған өлкенің әрбір тарихи нысаны, табиғи көрінісі мен мәдени ескерткіші – елдің баға жетпес қазынасы. Оларды таныту арқылы жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады.

Мерекелік кештің көркін аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен шығармашылық ұжымдары аштты. Концерттік бағдарлама барысында патриоттық және лирикалық әндер шырқалып, мың бұралған бишілер өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әсем ән мен әсерлі күй, ұлттық өнер мен заманауи сахналық қойылымдар бір арнада тоғысып, мерекелік кештің мазмұнын байыта түсті.

Сахна төріндегі әрбір өнерпаздың орындауындағы ән мен би көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе, елге, туған жерге, еңбекке деген құрметті арқау еткен шығармалар кештің негізгі идеясымен үйлесім тауып, көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Өнер – халықтың рухани қазынасы. Ал осындай мерекелік шаралар еңбек адамдарына құрмет көрсетіп қана қоймай, қоғамның мәдени өмірін жандандырып, ел бірлігін нығайта түседі. Мәдениет үйінің сахнасында бас қосқан көпшілік үшін бұл кеш өнер мен еңбектің, туған жер мен туризмнің өзара сабақтастығын сезінуге мүмкіндік берген тағылымды басқосу болды.

Еңбек – адамды шыңдайтын, елді алға сүйрейтін үлкен күш. Қай салада болмасын өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, адал еңбек еткен әр азаматтың қоғам дамуына қосқан үлесі зор. Бірі ауыл шаруашылығында, бірі білім мен денсаулық сақтау саласында, енді бірі өндіріс пен кәсіпкерлікте, мәдениет пен спортта еңбек етіп жүр. Олардың барлығын біріктіретін ортақ құндылық – елге қызмет ету.

Ал туризм – осы еңбектің нәтижесін, туған өлкенің ерекшелігін кеңінен танытуға мүмкіндік беретін маңызды бағыт. Өңірге келген әрбір қонақ оның табиғатын ғана емес, халқының қонақжайлығын, мәдениетін, салт-дәстүрін де танып біледі. Сондықтан туризмді дамыту – жаңа мүмкіндіктерге жол ашумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің бір тетігі.

Іс-шара барысында жастардың да белсенділігі байқалды. Жас буынға еңбектің қадірін түсіндіру, кәсіпке бейімдеу, туған жердің тарихы мен табиғатын құрметтеуге тәрбиелеу – бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Еңбекке ерте араласқан, жауапкершілікті сезінген, туған елінің болашағына бейжай қарамайтын жас ұрпақ – мемлекеттің басты тірегі.

«Еңбек – елдің берекесі, туризм – елдің мерейі» атты мерекелік концерт осындай маңызды құндылықтарды бір арнаға тоғыстырған мазмұнды шара болды. Кеш барысында еңбек адамдарына деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік, өнерге деген ықылас пен ұлттық мәдениетке деген жанашырлық айқын көрініс тапты.

Мерекелік шараның мәні де осында. Еңбекті бағалау арқылы біз адам еңбегінің қадірін арттырамыз. Туризмді дамыту арқылы туған өлкенің табиғи және тарихи байлығын таныстамыз. Ал мәдениет пен өнерді дәріптеу арқылы ұлттық рухымызды көтереміз.

Кеш соңында көрермендер өнерпаздарға ризашылықтарын білдіріп, мерекелік көңіл-күймен тарқасты. Жүректерге жылу сыйлаған әсем әндер мен мың бұралған билер, тағылымды ойлар мен жүрекжарды тілектер мерекелік шараның мазмұнын аша түсті.

Осындай игі шаралар ел еңсесін көтеріп, қоғамдағы еңбек адамдарының беделін арттыруға, туған жерге деген сүйіспеншілікті нығайтуға зор ықпал етеді. Еңбек еткен елдің еңсесі биік, туристік әлеуеті дамыған өлкенің мерейі үстем болары сөзсіз.

Елдің берекесі – еңбекте, жердің көркі – табиғатта, халықтың мерейі – мәдениетте. Ал осы құндылықтардың барлығын ұлықтау – ортақ міндет.

Еңбек еткен азаматтың абыройы асқақтап, туған өлкенің туристік мүмкіндігі артып, ел мәдениеті өркендей берсін!

ЖАЛҒЫЗАҒАШ АУЫЛЫНДА АРҚАН ТАРТУДАН АЙМАҚТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



2026 жылғы 23 қыркүйек күні Ескелді ауданының Жалғызағаш ауылдық округінде тұрғындар арасында аймақтық арқан тарту жарысы ұйымдастырылды.

Жарыстың мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, тұрғындардың дене белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және командалық бірлікті нығайту.

Тартыстың өткен жарыстың қорытындысы бойынша:

I орын – «Барыс» командасы
II орын – «Арлан» командасы
III орын – «Қыран» командасы

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жарысқа қатысқан барлық спортшыларға белсенділіктері мен тартысты ойын көрсеткендері үшін алғыс білдіреміз!

Спорт – денсаулық кепілі, ал бірлік – жеңістің бастауы!

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

ҚАЙНАРЛЫ АУЫЛЫНДА ҚОЛ КҮРЕСІНЕН ЖАРЫС ӨТТІ



2026 жылдың 23 қыркүйек күні Ескелді ауданына қарасты Қайнарлы ауылының тұрғындары арасында қол күресінен спорттық жарыс ұйымдастырылды.

Жарыстың негізгі мақсаты – тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және күш сынасатын спорт түрлеріне қызығушылықты арттыру.

Тартысты өткен бәсеке қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

I орын – Ермебақ Ерман
II орын – Бейсенбай Амир
III орын – Әділбек Жанасыл

Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-нің Ескелді аудандық филиалы атынан арнайы грамоталар табысталды.

Спорттық шара ауыл тұрғындарының белсенділігін арттырып, жастарды спортпен тұрақты түрде айналысуға ынталандыруға бағытталды.

Г.Омарова,
«Жетісу облысының бұқаралық спортты дамыту және спорттық іс-шараларды өткізу спорт клубы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының басшысы.

АҚ ЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕРІМІЗ БЕН АҚ САҚАЛДЫ АТАЛАРЫМЫЗ АМАН БОЛСЫН



Қазақ халқы қашанда үлкенді сыйлап, қарияны құрметтеуді ұрпақ тәрбиесінің негізі санаған. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп, ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізді отбасының берекесі мен рухани тірегі деп білген. Өйткені олардың әрбір айтқан сөзі, берген батасы мен өмірден түйген өнегесі кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес мұра.

Қариялар – халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған алтын көпір. Олар талай белесті бастан өткеріп, елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосты. Еңбек етті, ұрпақ тәрбиеледі, туған жердің дамуына атсалысты. Бүгінде олардың маңдай терімен жасалған еңбектің жемісін кейінгі буын көріп отыр.

Ақ жаулықты әжелеріміздің отбасындағы орны ерекше. Әже – мейірімнің, жылулықтың, даналықтың символы. Немерелеріне ертегі айтып, ұлттық салт-дәстүрді үйретіп, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелейді. Әженің ақылы мен ақ батасы талай ұрпақтың өмір жолына бағыт-бағдар болған.

Ал ақ сақалды аталарымыз – отбасының ақылшысы, елдің бірлігін ойлаған абыз жандар. Атаның өнегелі әңгімесі мен өмірлік тәжірибесі жас буынға сабақ. «Атаның сөзі – ақылдың көзі» дегендей, олардың әрбір кеңесі өмірдің талай сынағынан өткен тәжірибеге негізделеді.

Қариясы бар ел – қазыналы ел

Қазақ қоғамында үлкендердің батасын алу, олардың төрден орын алуына жағдай жасау – ежелден келе жатқан дәстүр. Үлкенге құрмет көрсету арқылы біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтаймыз.

Қарияларымыздың өнегесі жас ұрпаққа әрдайым үлгі. Олар адал еңбек етуге, елін сүюге, туған жерді қадірлеуге, отбасының бірлігін сақтауға үндейді. Осындай тәлім-тәрбие арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып келеді.

Бүгінгі жастардың міндеті – үлкендердің еңбегін бағалап, оларға құрмет көрсету. Қариялардың жағдайына көңіл бөлу, хал-жағдайын сұрап, қажет кезінде көмектесу – адамгершіліктің белгісі. Кейде бір ауыз жылы сөздің өзі қарт адамның көңіліне қуаныш сыйлайды.

Үлкенге құрмет – ұлтқа құрмет

Қарттарды қадірлеу – халқымыздың тәрбиесі мен мәдениетінің көрінісі. Үлкенін сыйлаған елдің берекесі де, бірлігі де бекем болады.

Әр отбасында ата мен әженің орны ерекше болуы керек. Немерелерінің қызығын көріп, ұрпағының жетістігіне қуанып отырған қария үшін бұдан асқан бақыт жоқ. Ал балалар мен немерелер үшін үлкендердің ақ батасын алып, олардың жанында жүру – үлкен мәртебе.

Қарияларға деген құрмет тек арнайы мерекелермен шектелмеуі тиіс. Оларға күнделікті көңіл бөліп, жағдайын сұрап, қолдау көрсету – баршамыздың азаматтық әрі адамдық міндетіміз.

Қазақ халқы батаны ерекше қастерлеген. Ақсақалдың батасы – ізгі тілек пен жақсы ниеттің белгісі. Жастардың үлкендерден бата сұрауы да халқымыздың тамаша дәстүрлерінің бірі.

«Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген халық даналығы үлкендердің ақ тілегінің мәнін айқындай түседі. Қарияның батасын алған жасқа елдің сенімі мен үлкендердің ақ тілегі бірге жүреді.

Сондықтан ұлттық салт-дәстүрімізді сақтап, үлкендердің өнегесін кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамыздың міндетіміз.

Қарттарымыз – халқымыздың шежіресі, отбасымыздың берекесі, ұрпақтың ақылшысы. Олардың жүріп өткен жолы – тарих, айтқан сөзі – өнеге, берген батасы – тәрбие.

Ақ жаулықты әжелеріміз бен ақ сақалды аталарымыз аман болсын!

Қариялырымыздың жүзінен күлкі, жүрегінен қуаныш кетпесін. Ұрпағының қызығын көріп, немере-шөберелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешсін. Әрбір шаңырақта үлкенге деген құрмет, кішіге деген ізет орнап, ұрпақтар сабақтастығы үзілмесін.

Қариясын құрметтеген елдің – тамыры терең, болашағы берік.

Айкүнім Есенқызы

КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІНЕН – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ

2026 жылғы 17 қыркүйекте Алматы қаласында сақтандыру, қаржы және зейнетақы нарығының өкілдерін бір алаңға жинаған Kazakhstan Insurance Forum 2026 өтті. Форум аясында «Жоспардан тыс өмір: болашақты сақтандырудан неге қорқамыз?» атты панельдік пікірталас ұйымдастырылып, онда өмірді сақтандыруды дамыту, ұзақмерзімді қаржылық жоспарлау және азаматтардың болашақ табысын қамтамасыз етудегі жаңа мүмкіндіктер мәселелері талқыланды.

Пікірталасты сақтандыру нарығының сарапшысы, Centras Group негізін қалаушы Елдар Абдразаков жүргізді. Талқылауға «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов, KASE Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов, «BCC Life» ӨСК» АҚ Басқарма төрағасы Гүлжан Жақсымбетова, Bank CenterCredit вице-президенті Анастасия Овсянникова, «Халық-Life» АҚ Басқарма төрағасы Гаухар Бурибаева және AJR Finance Ltd исламдық қаржытех-компаниясының негізін қалаушы Мұрат Қылышбай қатысты.

Пікірталас барысында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру құралдарының бірі ретінде зейнетақы аннуитетін дамыту мәселесі де сөз болды. Бұл бағыттың келешегі туралы «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов айтып берді. Ол Қазақстанның сақтандыру нарығы жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын және оның одан әрі өсу әлеуеті зор екенін атап өтті. Сонымен қатар, оның пікірінше, сақтандыру индустриясының ауқымы әзірге экономиканың даму қарқынына толық сәйкес келе бермейді.

«Өмірді сақтандыруды дамытуға ықпал ететін бағыттардың бірі – зейнетақы аннуитеті нарығы. Зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитетін сатып алуға пайдалану мүмкіндігі зейнетақы жүйесіне бастапқыдан-ақ азаматты зейнет жасындағы табыспен қамтамасыз етудің бір нұсқасы ретінде енгізілген. Бүгінде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қазақстандықтардың оларды алудың әртүрлі тәсілдерін таңдауға мүмкіндігі бар: БЖЗҚ-дан қаражат толық таусылғанға дейін белгіленген кесте бойынша төлемдер алу, сақтандыру компаниясы арқылы өмір бойы төлемдер алу немесе осы екі нұсқаны үйлестіру.

Өмірді сақтандыру нарығы инвестициялық нарықпен тығыз байланысты. Классикалық өнімдермен (шұғыл, кейінге қалдырылған және бірлескен зейнетақы аннуитеттері) қатар инвестициялық құрамдас бөлікке байланысты жаңа мүмкіндіктер де пайда болуда. Бұл – заңды құбылыс, өйткені бүкіл әлемде өмірді сақтандыру инвестициялық нарықпен тығыз байланысты, ал сақтандыру компаниялары ірі институционалдық инвесторлар ретінде әрекет етеді.

Сондықтан зейнетақы аннуитетін «сатып алдым, ұмыттым» деген қағидатпен қабылдамаған маңызды. Азаматтар бұл қаржы құралының қандай қосымша артықшылықтар беретінін, оның ішінде ұзақмерзімді қаржылық жоспарлау және инвестициялық құрамдас бөлік тұрғысынан түсінуі қажет. Нарықтың одан әрі дамуы сақтандыру қорғанысын, тұрақты дивидендтер мен инвестициялық мүмкіндіктерді ұштастыратын жаңа, оның ішінде гибридті өнімдердің пайда болуына алып келуі мүмкін», – деп түсіндірді Жанат Құрманов.

Жанат Құрманов халық арасында ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау мәдениетін одан әрі қалыптастыру қажеттілігін де атап өтті. Пікірталас барысында айтылғандай, бұл мәселе әсіресе қысқамерзімді қаржылық мақсаттарға басымдық беруге бейім жастар үшін өзекті.

Қазақстандықтарға зейнетақы аннуитетінің қандай түрлері қолжетімді

Еске сала кетейік, зейнетақы аннуитеті – азамат пен өмірді сақтандыру компаниясы арасында жасалатын шарт. Оған сәйкес сақтандыру компаниясы өмір бойы немесе шартта белгіленген белгілі бір жасқа дейін ай сайын зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді. Қазақстанның өмірді сақтандыру нарығында зейнетақы аннуитетінің бірнеше түрі ұсынылады.

Шұғыл зейнетақы аннуитеті шарт жасалғаннан кейін оның талаптарына сәйкес төлемдердің басталуын көздейді.

Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті төлемдердің шартта белгіленген белгілі бір кезең өткеннен кейін басталуын көздейді. Кейінге қалдырылған кезеңде қаражат шарт талаптарына сәйкес инвестициялануы мүмкін, бұл болашақ төлемдердің мөлшеріне оң әсер етеді.

Бірлескен (ерлі-зайыптылардың) зейнетақы аннуитеті екі адамның зейнетақы жинақтарын біріктіріп, шарт талаптарына сәйкес өмір бойы төлемдер алуға мүмкіндік береді. Қатысушылардың бірі қайтыс болғаннан кейін төлемдер екінші қатысушының пайдасына жалғаса береді.

Осылайша, зейнетақы аннуитеті нарығының дамуы азаматтардың ұзақмерзімді зейнетақы табысын қалыптастыру мүмкіндіктерін кеңейтіп, зейнетақы жинақтарын пайдаланудың қосымша нұсқаларын ұсынады. Бұл ретте зейнетақы төлемдерін БЖЗҚ-дан алу немесе зейнетақы аннуитетін сатып алу арасындағы таңдау – азаматтың өмірлік жағдайына, жинақтарының мөлшеріне және зейнетақыны жоспарлау мақсаттарына байланысты жеке қаржылық шешім.

ОТ КЛАССИЧЕСКОГО ПЕНСИОННОГО АННУИТЕТА - К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ

17 сентября 2026 года в г. Алматы прошел Kazakhstan Insurance Forum 2026, объединивший представителей страхового, финансового и пенсионного рынка для обсуждения актуальных вопросов развития отрасли. В рамках форума состоялась панельная дискуссия «Жизнь не по плану: почему мы боимся страховать будущее?», участники которой обсудили вопросы развития страхования жизни, долгосрочного финансового планирования и новых возможностей для граждан в обеспечении будущего дохода.

Дискуссию модерировал эксперт страхового рынка, основатель Centras Group Ельдар Абдразаков. В обсуждении приняли участие председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов, председатель Правления KASE Адиль Мухамеджанов, председатель Правления АО «КСЖ «BCC Life» Гульжан Джаксымбетова, вице-президент Банка ЦентрКредит Анастасия Овсянникова, председатель Правления АО «Халык-Life» Гаухар Бурибаева и основатель исламской финтех-компании AJR Finance Ltd Мурат Кылышбай.Одной из тем дискуссии стало развитие пенсионного аннуитета как одного из инструментов пенсионного обеспечения граждан. О перспективах этого направления рассказал Председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов. Он отметил, что страховой рынок Казахстана демонстрирует высокие темпы роста и обладает значительным потенциалом дальнейшего развития. Вместе с тем, по его мнению, масштабы страховой индустрии пока не в полной мере соответствуют динамике развития экономики.«Одним из направлений, способствующих развитию страхования жизни, становится рынок пенсионных аннуитетов. Возможность использовать пенсионные накопления для приобретения пенсионного аннуитета изначально была заложена в пенсионной системе как один из вариантов обеспечения гражданина доходом в пенсионном возрасте. Сегодня казахстанцы, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, могут выбрать различные способы их получения: выплаты по графику из ЕНПФ до исчерпания средств, пожизненные выплаты через страховую компанию либо сочетание этих вариантов. Рынок страхования жизни во многом интегрирован с инвестиционным рынком.

Помимо классических продуктов (немедленный, отложенный и совместный пенсионные аннуитеты) появляются новые возможности, связанные с инвестиционной составляющей. Это закономерно, поскольку страхование жизни во всем мире тесно связано с инвестиционным рынком, а страховые компании выступают крупными институциональными инвесторами.

Поэтому важно, чтобы пенсионный аннуитет воспринимался не по принципу «купил и забыл». Гражданам важно понимать, какие дополнительные преимущества предоставляет этот финансовый инструмент, в том числе с точки зрения долгосрочного финансового планирования и инвестиционной составляющей. Дальнейшее развитие рынка может привести к появлению новых, в том числе гибридных продуктов, которые будут сочетать страховую защиту, регулярные дивиденды и инвестиционные возможности», - прокомментировал Жанат Курманов.

Жанат Курманов также подчеркнул необходимость дальнейшего формирования у населения культуры долгосрочного финансового планирования. Особенно актуальным это становится для молодежи, которая, как отмечалось в ходе дискуссии, зачастую ориентируется преимущественно на краткосрочные финансовые цели.

Какие виды пенсионных аннуитетов доступны казахстанцам

Напомним, что пенсионный аннуитет - это договор между гражданином и компанией по страхованию жизни, по которому страховая компания обязуется выплачивать ежемесячную пенсию пожизненно или до определенного возраста. На рынке страхования жизни Казахстана представлены различные виды пенсионных аннуитетов.

Немедленный пенсионный аннуитет предусматривает начало выплат после заключения договора в соответствии с его условиями.

Отложенный пенсионный аннуитет предполагает, что выплаты начинаются через определенный период, установленный договором. В период отсрочки средства могут инвестироваться в соответствии с условиями договора, что влияет на размер будущих выплат.

Совместный (супружеский) пенсионный аннуитет позволяет объединить пенсионные накопления двух лиц для получения пожизненных выплат в соответствии с условиями договора. После смерти одного из участников выплаты продолжаются в пользу второго.

Таким образом, развитие пенсионного аннуитетного рынка расширяет возможности граждан по формированию долгосрочного пенсионного дохода и предоставляет дополнительные варианты распоряжения пенсионными накоплениями. При этом выбор между получением пенсионных выплат из ЕНПФ и приобретением пенсионного аннуитета является индивидуальным финансовым решением гражданина, которое зависит от его жизненной ситуации, размера накоплений и целей пенсионного планирования.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

1. Зейнетақы активтерін кім басқарады?

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), сондай-ақ 2021 жылдан бастап тиісті лицензиясы бар және уәкілетті органның талаптарына сай келетін инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) жүзеге асырады. Мұндай сенімгерлік басқарудың негізгі мақсаты – зейнетақы жинақтарын түрлі қаржы құралдарына инвестициялап, табыс алу.

Зейнетақы активтерін басқарушылар – ҚРҰБ пен ИПБ-лардың зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша өзіндік стратегиясы бар және олар инвестициялық портфельдің құрылымын инвестициялық декларация шеңберінде дербес айқындайды.

Қолданыстағы ИПБ тізіліміне қазақстандықтар зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға бере алатын 6 жеке компания кіреді:

«Alatau City Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ, «Halyk Finance» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Tansar Capital» АҚ. (Бұл ретте «Halyk Global Markets» АҚ «БЖЗҚ» АҚ-ға 2027 жылдан бастап сенімгерлік басқару шартын бұзатыны туралы хабарлаған. Осыған байланысты, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор зейнетақы жинақтарын осы компанияға аудару туралы өтініштерді қабылдамайды).

www.enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінен, сондай-ақ invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы арқылы ИПБ туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын зерделеуге болады.

2. Заңнамалық өзгерістерге сәйкес міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) басқаруына беруге мүмкіндік қарастырылған. Бұл мүмкіндікті кім пайдалана алады және бұл механизм қалай жүзеге асырылады?

Зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін жеке басқарушы компаниялар – ИПБ-ларға сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігін БЖЗҚ-ның барлық салымшылары пайдалана алады. Бұл нормалар 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап күшіне енді.

www.enpf.kz сайтындағы «Қызметтер» – «Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі» бөлімінен, сондай-ақ invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы арқылы ИПБ туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын зерделеуге болады.

Жақында бір ИПБ салымшыларға тәуекел деңгейі, күтілетін кірістілік және инвестициялау мерзімі бойынша ерекшеленетін инвестициялық портфельдердің үш түріне дейін – консервативті, қалыпты және тәуекелді портфельдерді ұсына алады.

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерін қалыптастыру тәртібін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

3. Зейнетақы жинақтарын бірнеше басқарушы компания арасында бөлуге бола ма?

Салымшы бір немесе бірнеше ИПБ-ны таңдай алады. Халықты кеңінен хабардар ету мақсатында БЖЗҚ invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформасын іске қосты. Бұл – салымшыларға сенімгерлік басқарушылардың (ҚРҰБ пен ИПБ) басқаруындағы зейнетақы активтерінің портфельдері бойынша түрлі деректерді бір ақпараттық алаңда салыстыруға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс. Салымшы мұнда инвестициялық портфельдерді өз бетінше бағалауға, сондай-ақ өзінің мақсаттары мен күтетін нәтижесіне сай келетін басқарушы компания мен оның инвестициялық стратегиясын таңдауға мүмкіндік беретін құралдарды пайдалана алады.

Бұдан бөлек, invest.enpf.kz платформасында салымшы ИПБ-лардың инвестициялық декларацияларымен танысып, олардың қаржылық көрсеткіштерін талдай алады. Сондай-ақ ИПБ-ларға қатысты реттеуші орган – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚР ҚНРДА) тарапынан қолданылған әкімшілік шаралар, санкциялар мен ықпал ету шаралары туралы ақпаратты да (олар болған жағдайда) көре алады.

4. Зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан басқарушы компанияға беру қалай жүзеге асырылады?

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін салымшы алдымен ИПБ-ны таңдап, содан кейін белгіленген нысан бойынша өтініш береді.

Өтінішті enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте немесе invest.enpf.kz интернет-платформасында электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, сондай-ақ БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне барып беруге болады.

Жеке кабинетте салымшы, сондай-ақ:

-ИПБ-ға/ҚРҰБ-қа беруге немесе қайтаруға қолжетімді соманы тексере алады;

-ИПБ-ны таңдау (өзгерту) туралы немесе ИПБ-ның сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруына қайтару туралы өтініш беру ережелері және талаптарымен таныса алады;

-ИПБ-ны таңдау (өзгерту) туралы немесе ҚРҰБ-қа қайтару туралы өтініш беріп, оның мәртебесін қадағалай алады;

-басқа да қолжетімді зейнетақы қызметтерін пайдалана алады.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға аудару туралы берілген өтініштің мәртебесін сайттағы жеке кабинеттен немесе БЖЗҚ-ның мобильді қосымшасынан бақылауға болады.

ИПБ-ға аударуға өтініш беру және оларды БЖЗҚ-да өңдеу рәсімдері толық автоматтандырылған. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген мерзім ішінде береді.

Бұл ретте зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне аудару немесе оларды ҚРҰБ-тың басқаруына қайтару алғашқы аударылған күннен бастап кемінде бір жыл өткен соң жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Салымшылар зейнетақы активтерін басқару туралы толық ақпаратты қайдан алып, басқарушы компаниялардың қызмет нәтижелерін қалай бақылай алады?

БЖЗҚ – барлық салымшылар үшін бірыңғай есепке алу және ақпараттық орталық, сондай-ақ активтерді кім басқаратынына қарамастан (ҚРҰБ және/немесе салымшы таңдаған ИПБ) олардың жеке зейнетақы шоттарының операторы.БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруға байланысты қолжетімді қызметтер мен сервистерді ұсынады. Азаматтардың зейнетақы жинақтары, оның ішінде инвестициялық табыс ескерілген ақпарат enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасында 24/7 режимінде берілетін үзінді көшірмелерде толық көрсетіледі.

Әр басқарушының инвестициялық қызметі туралы ақпарат enpf.kz сайтындағы «Статистика және талдау» – «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару» бөлімінде тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ салымшылары үшін invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы жұмыс істейді. Бұл – барлық басқарушылардың (ҚРҰБ пен ИПБ) активтерді басқару нәтижелерін өзара салыстыруға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық ресурс. Invest.enpf.kz платформасы инвестициялық табыстылық туралы ақпаратқа қол жеткізуге, белгіленген кезең аралығындағы басқарушылар мен олардың инвестициялық портфельдері бойынша деректерді салыстыруға және инвестициялық шешімдерді саналы түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА 76,11 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫ АУДАРЫЛДЫ

2024 жылғы 1 ақпаннан 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалану бойынша жалпы сомасы шамамен 76,11 млн АҚШ долларына 365 553 алушыға төлем жасалды.

2026 жылдың басынан 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 170 156 азамат жалпы сомасы 44,84 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы жинақтарын алды. Оның ішінде 119 279 қазақстандыққа тұрғын үй жағдайларын жақсартуға 31,00 млн аса АҚШ доллары, ал 50 877 қазақстандыққа білім алуға ақы төлеу үшін 13,83 млн АҚШ доллары аударылды.

Барлық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Еске салайық, НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады. Одан кейін пайдаланылмаған қалдық алушының ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту бағытында ең көп сұранысқа ие болған мақсат — тұрғын үй құрылыс жинақтарына одан әрі жинақтау үшін салымды толықтыру. Осы мақсат бойынша 117 712 алушыға жалпы сомасы 30,51 млн АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүзеге асырылды. Сонымен қатар, тұрғын үй сатып алуға арналған ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна енгізу мақсатында 788 жас қазақстандыққа 183,65 мың АҚШ доллары, ал азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша тұрғын үйді меншікке сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) мақсатында 437 қазақстандыққа 102,17 мың АҚШ доллары төленді.

Нысаналы жинақтарды білім алуға пайдалану бағытында қаражаттың ең көп көлемі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне ақы төлеуге бағытталды. Төлемдер әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін бөліп-бөліп немесе оқу мерзімінің бүкіл кезеңі үшін біржолғы толық көлемде жүзеге асырылады. Осы бағыт бойынша 47 584 азаматқа жалпы сомасы шамамен 12,96 млн АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүргізілді.

Бұдан басқа, мынадай бағыттар да сұранысқа ие болды: білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыруға 2 309 алушыға жалпы сомасы 587,56 мың АҚШ доллары аударылды. Ал шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне ақы төлеу үшін әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы бойынша бөліп-бөліп немесе оқу мерзімінің бүкіл кезеңі үшін біржолғы толық көлемде 861 азаматқа 220,44 мың АҚШ доллары бағытталды.

Еске салайық, нысаналы талаптарды есептеу нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда тоқтатылады. Нысаналы талаптарға қатысушының/нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болуына байланысты нысаналы талаптарды/нысаналы жинақтарды алу үшін олардың мұрагерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗҚ-ға жүгіне алады.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мұрагерлерге жалпы сомасы 74,46 мың АҚШ долларын құрайтын төлемдер жүзеге асырылды. Бұл қаражатты 226 азамат алды.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы - 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда) :

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша, eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет:

-eGov Mobile қосымшасында: "Цифрлық құжаттар" - "Отбасы" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер";

-екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: "Мемлекеттік қызметтер " - "Барлық құжаттар" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер".

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар:

-"Отбасы банкі" АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу),

-"Халық банкі" АҚ (білім алу ақысын төлеу),

-"Банк ЦентрКредит" АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында осы тақырып бойынша бейне нұсқаулықты көруге болады:

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ж.Б. Құрмановтың бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=30CdPWl6dv0
«БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры М.Т. Шәріповтың бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?v=APg2vATmMk0
«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша
«Сұрақ-жауап» бейнетүсініктемесі:
https://www.youtube.com/watch?v=4cKr1VCAvUk
https://www.youtube.com/watch?v=mrV0y37Gjnk
«Ұлттық қор – балаларға» сайты бойынша нұсқаулық:
https://www.youtube.com/watch?v=VgP3dmMwAHc
https://www.youtube.com/watch?v=jyC2c-HgqpQ
«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асыру туралы нұсқаулық:
https://www.youtube.com/watch?v=bqeT41rWecA
https://www.youtube.com/watch?v=pNBSS1VHdWU

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

УПРАВЛЕНИЕ ПЕНСИОННЫМИ АКТИВАМИ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

1.Кто управляет пенсионными активами?

Инвестированием пенсионных активов занимается Национальный Банк РК (НБРК), а с 2021 г. и управляющие инвестиционным портфелем (УИП), имеющие соответствующую лицензию и отвечающим требованиям уполномоченного органа. Главная цель такого доверительного управления пенсионными накоплениями - инвестирование в различные финансовые инструменты и получение дохода. Управляющие пенсионными активами - НБРК и УИП имеют собственные стратегии инвестирования пенсионных активов и самостоятельно определяют структуру инвестиционного портфеля в рамках инвестиционной декларации.

В актуальный реестр УИП входят 6 частных компаний, которым казахстанцы могут доверить управление своими пенсионными накоплениями: АО «Alatau City Invest», АО «BCC Invest», АО «Сентрас Секьюритиз», АО «Halyk Finance», АО «Halyk Global Markets», АО «Tansar Capital». (При этом АО «Halyk Global Markets» уведомил АО «ЕНПФ» о расторжении договора о доверительном управлении с 2027 года, в связи с чем с 01.01.2026 года фонд не осуществляет прием заявлений на перевод пенсионных накоплений в эту компанию).

Ознакомиться с информацией об УИП и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте www.enpf.kz в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем», а также посредством информационной интернет-платформы invest.enpf.kz.

2.Законодательными изменениями предусмотрена возможность передачи до 100% пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов, в управление управляющему инвестиционным портфелем (УИП). Кто может этим воспользоваться и как осуществляется данный механизм?

Возможностью передачи под управление частным управляющим компаниям (УИП) до 100% накоплений смогут воспользоваться все вкладчики ЕНПФ. Указанные положения вступили в силу с 7 сентября 2026 г.

Ознакомиться с информацией об УИП и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте www.enpf.kz в разделе «Услуги» - «Реестр управляющих инвестиционным портфелем», а также посредством информационной интернет-платформы invest.enpf.kz.

В скором будущем один УИП сможет предложить вкладчикам до трех видов инвестиционных портфелей УИП (консервативный, умеренный, рискованный), различающихся по уровню риска, ожидаемой доходности и сроку инвестирования.

Порядок формирования инвестиционных портфелей пенсионных активов будет определен уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

3)Можно ли распределить накопления между несколькими управляющими компаниями?

Вкладчик может выбрать один или несколько УИП. В целях повышения информированности населения ЕНПФ запущена единая информационная интернет-платформа invest.enpf.kz. Это современный цифровой ресурс, предоставляющий вкладчикам возможность на одной информационной площадке сопоставлять различные данные по портфелям пенсионных активов, находящихся в управлении доверительных управляющих (НБРК и УИП). Вкладчик получает инструменты для самостоятельной оценки инвестиционных портфелей, а также выбора управляющего и его стратегии инвестирования, адаптированных под свои цели и ожидания. Кроме того, на invest.enpf.kz

вкладчик может не только изучить инвестиционные декларации УИП, проанализировать их финансовые показатели, но и найти информацию о применении в отношении УИП административных мер, санкций и мер воздействия со стороны регулятора (АРРФР) (при их наличии).

4)Как происходит передача накоплений от ЕНПФ управляющей компании

Чтобы перевести пенсионные накопления в доверительное управление, вкладчику нужно выбрать УИП, затем подать заявление по определенной форме. Сделать это можно в личном кабинете на сайте enpf.kz, интернет-платформе invest.enpf.kz, используя электронную цифровую подпись, либо в любом отделении ЕНПФ.

В личном кабинете вкладчик может в том числе:

-проверить доступную сумму для передачи/возврата в/из УИП/НБ РК;

-ознакомиться с правилами и условиями подачи заявления о выборе (об изменении) УИП или на возврат пенсионных накоплений, находящихся в доверительном управлении УИП, в доверительное управление НБ РК;

-подать заявление о выборе (об изменении) УИП или на возврат в НБ РК и отслеживать его статус;

-получить другие доступные пенсионные услуги.

Статус поданного заявления на перевод пенсионных накоплений в доверительное управление можно отслеживать в личном кабинете на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ.

Процессы подачи заявлений на перевод в УИП, а также их обработки в ЕНПФ полностью автоматизированы. ЕНПФ осуществляет передачу пенсионных активов в доверительное управление УИП в сроки, установленные нормативно-правовыми актами. При этом перевод пенсионных накоплений в доверительное управление из одного УИП в другой либо возврат под управление НБРК возможен не ранее чем через один год с даты перевода.

5.Где вкладчики могут найти полную информацию об управлении пенсионными активами и отслеживать результаты деятельности управляющих компаний?

ЕНПФ – общий учетный и информационный центр для всех вкладчиков, оператор их индивидуальных пенсионных счетов вне зависимости от того, кто управляет активами (НБРК и/или УИП по выбору вкладчика).

ЕНПФ обеспечивает доступные услуги и сервисы, связанные с управлением пенсионными активами, полностью отражая информацию о накоплениях граждан с учетом полученного инвестиционного дохода в выписках в режиме «24/7» в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложение ЕНПФ.

Информация об инвестиционной деятельности каждого управляющего на постоянной основе обновляется на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика» -«Инвестиционное управление пенсионными активами» Кроме того, для вкладчиков ЕНПФ функционирует информационная интернет-платформа (invest.enpf.kz) как современный цифровой ресурс, предоставляющий возможность сопоставлять результаты по управлению активами всех управляющих (НБРК и УИП). Invest.enpf.kz предоставляет доступ к информации о доходности, позволяет в динамике по заданному диапазону периодов сопоставлять данные по управляющим активами и их портфелям и принимать взвешенные инвестиционные решения.

ӘНМЕН ӨТКЕН ӘДЕМІ ЖЫЛДАР

Ән – көңілдің ажары, жүректің үні. Уақыт жылжып, заман өзгергенімен, жүрекке жақын әуендер ешқашан ұмытылмайды. Әсіресе, жастық шақтың куәсі болған әндердің орны бөлек. Бір әуен адамды өткен күндерге жетелеп, бір ән талай жыл бұрынғы естеліктерді қайта жаңғыртып, көңілге сағыныш сыйлайды.

Осындай сырлы сезім мен әдемі естеліктерге толы кеш 30 қыркүйек күні Жеңіс саябағында өтті. Мұнда «Әнмен өткен әдемі жылдар» атты ретро кеш ұйымдастырылып, көрермендер өткен ғасырдың 70-80-90 жылдарындағы әсем әндердің әуенімен ерекше көңіл күйге бөленді.

Кештің басты мақсаты – уақыт сынынан өтіп, халық жүрегінен өшпей келе жатқан ретро әндерді қайта жаңғырту, аға буынның жастық шағын еске түсірумен қатар, кейінгі ұрпаққа сол кезеңдегі музыкалық шығармалардың өзіндік ерекшелігін таныстыру болды.

Жеңіс саябағында өткен кешке жиналған көрерменнің қарасы қалың болды. Саябақ төрінде жайылған сахнадан әуелеген әсем әуен кештің көркін аша түсті. Бірінен кейін бірі орындалған танымал әндер көрермендерді өткен жылдарға жетелеп, әр жүректе жылы естеліктерді оятты.

70-80-90 жылдар – қазақ музыкасының да, жалпы эстрада өнерінің де өзіндік өрнегі қалыптасқан ерекше кезең. Сол жылдары дүниеге келген көптеген әндер бүгінге дейін халықтың сүйікті шығармалары қатарында.

Ретро әндердің ерекшелігі де осында. Олардың әуені қарапайым болғанымен, сөзі жүрекке жақын, мағынасы терең. Бірі махаббатты жырласа, бірі жастық шақты, достықты, туған жерді, сағынышты арқау етеді.

Сол себепті ретро кеште орындалған әрбір ән көрермен үшін жай ғана музыкалық шығарма емес, өткен өмірдің бір үзігі іспетті болды. Ән басталған сәтте залдағы үлкендер бір сәтке жастық шағына оралғандай әсерде болса, жастар сол дәуірдің ерекше музыкалық тынысымен танысты.

Кеш барысында шырқалған әндер көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе таныс әуендер орындалған сәттерде көпшілік әншілерге қосылып, кештің ерекше атмосферасын қалыптастырды. Сахна мен көрермен арасындағы байланыс бірден сезіліп, ән кеші шынайы мерекелік сипат алды.

Ретро кештің басты ерекшелігі – оның көрерменге сағыныш сыйлауында. Адам өмірінде әр әннің өзіндік тарихы болады. Бір ән балалық шақты еске түсірсе, енді бірі студенттік жылдарды, алғашқы махаббатты немесе достармен бірге өткізген көңілді күндерді еске салады.

Сондықтан музыка уақыт пен кеңістікке бағынбайды. Кеше ғана тыңдалғандай болған ән арада бірнеше онжылдық өтсе де, адам жүрегінде сол қалпында сақталады.

«Әнмен өткен әдемі жылдар» кешінде де осындай ерекше сезім байқалды. Саябаққа жиналған көрермендер таныс әндерді ықыласпен тыңдап, бір-бірімен естеліктер бөлісті. Әр әннің артында бір адамның ғана емес, тұтас бір буынның тарихы жатқандай әсер қалдырды.

Кеш барысында орындалған шығармалар аға буын өкілдерінің жастық шағын еске түсірсе, жас көрермендерге өткен дәуірдің ән мәдениетімен танысуға мүмкіндік берді. Осылайша ретро кеш екі буынның басын қосқан музыкалық мерекеге айналды.

Музыка – ұрпақтарды жалғайтын алтын көпір

Өнердің құдіреті – оның адамдарды біріктіре алатындығында. Музыка тілге, жасқа, уақытқа қарамайды. Жақсы ән әр адамның жүрегінен орын тауып, ортақ сезім қалыптастырады.

«Әнмен өткен әдемі жылдар» кешінің де маңызы осында. Бір кездері ата-аналарымыз тыңдаған әндер бүгінде жаңа буынның орындауында қайта жаңғырып, өз өмірін жалғастырып келеді. Бұл – өнердің өлмейтінінің, жақсы шығарманың уақыт өткен сайын жаңа тыңдарман табатынының дәлелі.

Ретро кеш арқылы аға буын мен жастардың арасында мәдени байланыс орнады. Үлкендер өз жастық шақтарын еске алса, жастар сол кезеңнің өнерін танып білді. Мұндай шаралар ұлттық және музыкалық мұраны насихаттап қана қоймай, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға да ықпал етеді.

Өнерпаздарға алғыс

Кештің жоғары деңгейде өтуіне сахнаға шығып, өнер көрсеткен барша өнерпаздардың еңбегі зор. Әр әнді жүрекпен орындап, көрерменге ерекше көңіл күй сыйлаған өнер иелеріне көпшіліктің алғысы шексіз.

Өнерпаз үшін көрерменнің қошеметі мен ыстық ықыласынан асқан марапат жоқ. Ал бұл кеште әрбір орындаушыға көрермен тарапынан зор қолдау көрсетілді. Әншілердің орындауындағы сырлы әндер саябақ төрін әсем әуенге бөлеп, кештің шырайын аша түсті.

Сахнада өнер көрсеткен жандардың әрқайсысы ретро әндердің мазмұнын, әуезін, сол кезеңнің ерекше рухын көрерменге жеткізуге тырысты. Олардың орындауындағы әндер көпшіліктің көңілінен шығып, кештің есте қаларлықтай өтуіне себеп болды.

Көрерменнің көңілі – кештің сәні

Кез келген мәдени шараның мәні оны тамашалауға келген көрерменмен өлшенеді. Бұл ретро кешке жиналған жұртшылықтың белсенділігі де ерекше болды.

Көрермендер әндерді ықыласпен тыңдап қана қоймай, таныс шығармаларға бірге қосылып, өнерпаздарға қолдау білдірді. Әннің әрбір қайырмасы көпшіліктің көңілінен орын тауып, саябақта ерекше музыкалық атмосфера қалыптасты.

Кейбір көрермен үшін бұл кеш жастық шақпен қайта қауышқандай әсер қалдырса, енді бірі үшін отбасымен, достарымен бірге жақсы уақыт өткізудің тамаша мүмкіндігі болды.

Осындай мәдени шаралардың қоғам өміріндегі орны ерекше. Олар адамдардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, жақсы көңіл күй сыйлап, мәдени орта қалыптастырады.

30 қыркүйек күні Жеңіс саябағында өткен «Әнмен өткен әдемі жылдар» атты ретро кеш көрермен жүрегінде жылы әсер қалдырған тағылымды әрі әсерлі мәдени шара болды.

70-80-90 жылдардың жүрек тербеген әндері бір кештің аясында қайта жаңғырып, көрермендерді әдемі естеліктерге бөледі. Әуенмен бірге өткен күндер еске түсіп, жастық шақтың жарқын сәттері көз алдына келгендей болды.

Ретро кеш – өткенге деген сағыныш қана емес, өнердің өміршеңдігін көрсеткен ерекше музыкалық мереке. Жылдар өтеді, заман өзгереді, жаңа әндер дүниеге келеді. Бірақ жүрекке жол тапқан, халықтың көңілінен орын алған әндер ешқашан ұмытылмайды.

Сондықтан да ән – уақыттың үнін жеткізетін, адам жүрегін тербететін мәңгілік өнер.

Кештің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан барша өнерпаздарға, ұйымдастырушыларға және Жеңіс саябағына арнайы келіп, ән кешінің сәнін келтірген барша көрерменге зор алғыс білдіреміз!

Жүректеріңізден ән, көңілдеріңізден қуаныш кетпесін!

Ән әуелесін, әсем әуендер әрдайым жүректерді тербесін!

АЙНАЛАҢДЫ ТАЗА ҰСТА – ТАБИҒАТТЫ АЯЛА

Табиғат – адамзаттың ортақ үйі әрі баға жетпес байлығы. Таза ауа, мөлдір су, жасыл желек пен көркем табиғат адам өмірінің сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, туған жердің тазалығын сақтау – әрбір азаматтың міндеті.«Айналаңды таза ұста – табиғатты аяла» деген ұғымның мәні терең. Табиғатты қорғау тек ауқымды жұмыстардан тұрмайды. Күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттерден басталады. Қоқысты белгіленбеген жерге тастамау, қоғамдық орындарды таза ұстау, ағаштарды сындырмау, гүлдерге күтім жасау, су көздерін ластамау – табиғатқа деген құрметтің белгісі.

Елді мекеннің тазалығы оның тұрғындарының мәдениеті мен жауапкершілігін көрсетеді. Көшелердің, аулалардың, саябақтар мен демалыс орындарының таза болуы – баршаға ортақ міндет. Әр тұрғын өзі тұратын аумаққа жанашырлықпен қарап, тазалықты сақтауға үлес қосса, ауданымыздың көркі де арта түседі.Бұл ретте сенбіліктер мен абаттандыру жұмыстарының маңызы зор. Мұндай шаралар барысында тұрғындар, мекеме қызметкерлері мен жастар бірлесе еңбек етіп, көшелерді тазалап, ағаш отырғызып, қоғамдық орындарды ретке келтіреді. Бірлескен еңбек адамдарды ұйымшылдыққа тәрбиелеп қана қоймай, туған жерге деген жауапкершілікті арттырады.Табиғат бізге ғана емес, келешек ұрпаққа да қажет. Бүгінгі жасаған әрбір ісіміз ертеңгі ұрпақтың өміріне әсер етеді. Сондықтан табиғи байлықтарды ұқыпты пайдаланып, қоршаған ортаны ластамауымыз керек.Ағаш отырғызу, жасыл желекті күтіп-баптау – табиғатты қорғаудың тиімді жолдарының бірі. Бір ғана талдың өзі ауаны тазартып, елді мекенге көрік береді. Сондықтан көшеттерді сындырмай, оларды күтіп ұстауға барынша көңіл бөлген жөн.Табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруда жастардың орны ерекше. Мектеп оқушылары мен жастардың экологиялық акцияларға, тазалық шараларына, ағаш отырғызу жұмыстарына белсенді қатысуы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Бұл бағыттағы тәрбие ең алдымен отбасынан басталуы қажет.

Қоршаған ортаның тазалығы адам денсаулығына да тікелей байланысты. Таза ауада серуендеу, жасыл желек арасында демалу адамның көңіл күйіне жақсы әсер етеді. Ал қоқыстың бейберекет шашылуы мен қоршаған ортаның ластануы санитарлық жағдайға кері ықпал етуі мүмкін.

Сондықтан әр адам тазалықты өзінен бастауы керек. Үйдің ауласын, жұмыс орнын, көшені таза ұстау, қоқысты арнайы жәшікке салу – қарапайым болғанымен, маңызы зор әрекеттер.

Туған жердің тазалығы бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ еңбегіне байланысты. Егер әр тұрғын «Менің кішкентай әрекетімнің өзі маңызды» деген түсінікпен өмір сүрсе, қоршаған орта да таза әрі көрікті болады.

Табиғатты аялау – туған жерді сүюдің бір белгісі. Әрбір ағашқа, әрбір гүлге, әрбір табиғи байлыққа ұқыпты қарау арқылы біз келешек ұрпаққа жақсы үлгі көрсетеміз.

Тазалық – тәртіптің бастауы, табиғатты қорғау – болашаққа деген қамқорлық. Айналамызды таза ұстап, туған жерімізді бірге көркейтейік!

Табиғатты аялау – өз болашағыңды аялау. Таза орта қалыптастыру – әрқайсымыздың қолымызда!

ӘДІЛДІК БАР ЖЕРДЕ – ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Әділдік – адамзат баласы үшін ең қастерлі құндылықтардың бірі. Әділдік бар жерде сенім, тұрақтылық пен өзара құрмет орнығады. Ал қоғамда заң мен тәртіп үстемдік етіп, әр азамат өз құқығы мен міндетін жақсы білген жағдайда келеңсіз құбылыстардың алдын алуға мүмкіндік мол. Осындай мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне кері әсер ететін және азаматтардың заңға деген сенімін әлсіретететін әлеуметтік құбылыс. Сондықтан оған қарсы күрес тек белгілі бір мекемелердің немесе құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.Жемқорлықтың алдын алудың ең маңызды жолдарының бірі – қоғамда әділдік пен адалдық қағидаттарын орнықтыру. Әр азамат заңды құрметтеп, өз ісіне жауапкершілікпен қараған кезде қоғамда жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті қалыптасады.Әділдік дегеніміз – әр адамға оның құқығы мен еңбегіне қарай тең мүмкіндік беру, заң талаптарын баршаға бірдей қолдану, ешкімнің құқығын таптамау. Әділ қоғамда азаматтар өздерінің заң алдында қорғалғанын сезінеді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы сенім де әділдік қағидаттарына сүйенеді. Азамат қандай да бір мәселені шешу үшін заңсыз жол іздемей, белгіленген тәртіпке жүгінсе, мемлекеттік органдар да өз міндетін ашық әрі сапалы атқарса, қоғамдағы өзара сенім нығая түседі.

Сондықтан әділдік ұғымын тек үлкен мәселелермен байланыстырудың қажеті жоқ. Ол күнделікті өмірдегі қарапайым әрекеттерден басталады. Біреудің еңбегін бағалау, өзгенің құқығын құрметтеу, уәдеге беріктік таныту, заң талаптарын орындау – әділдіктің нақты көріністері.

Жемқорлыққа жол бермеу – ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен оның қоғамға тигізетін кері әсерін түсіну қажет. Заңсыз жолмен мәселе шешуге тырысу бір қарағанда жеке адамның пайдасына айналғанымен, оның салдары тұтас қоғамға әсер етуі мүмкін.

Жемқорлық бәсекелестіктің әділ болуына кедергі келтіреді, адал еңбекпен жетістікке жетуге ұмтылған азаматтардың мүмкіндігіне кері ықпал етеді. Сондықтан жемқорлықтың кез келген көрінісіне бейжай қарамау маңызды.

Қоғамда «өзіме пайда болса болды» деген түсінік емес, «менің әрекетім елге қалай әсер етеді?» деген жауапкершілік басым болуы керек.Әр азамат заңсыз сыйақы беруден немесе алудан бас тартып, белгіленген тәртіпті сақтауы қажет. Құқықтық сауаттылықты арттыру да осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Адал еңбек – жемқорлыққа қарсы ең мықты құндылықтардың бірі. Өз еңбегімен жетістікке жеткен адамның табысы да, абыройы да берік болады.

Халқымызда «Еңбек түбі – береке» деген жақсы сөз бар. Бұл – қай заманда да маңызын жоғалтпайтын қағида. Адал еңбектің арқасында кәсіби шеберлік қалыптасып, адамның өзіне деген сенімі артады.

Жастарға да осы ұстанымды дәріптеудің маңызы зор. Білім алу, мамандық меңгеру, еңбек ету, өз қабілетін дамыту – өмірде жетістікке жетудің заңды жолы.

Жас ұрпақтың бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік қасиеттерін сіңіру арқылы біз болашақта жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті қалыптасқан қоғам құра аламыз.

Құқықтық сауаттылықтың маңызы

Жемқорлықтың алдын алуда азаматтардың құқықтық сауаттылығы ерекше рөл атқарады. Өз құқығын білетін адам заңсыз әрекетке тап болған жағдайда тиісті орындарға жүгініп, мәселені заң аясында шешуге ұмтылады.

Сондықтан халыққа заң талаптарын түсіндіру, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы ақпаратты қолжетімді ету, азаматтардың құқықтары мен міндеттері жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу маңызды.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамуы да мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Көптеген қызмет түрлерін электронды форматта алу азамат пен мемлекеттік орган арасындағы тікелей байланысты азайтып, қызмет көрсету үдерісін жеңілдетуге ықпал етеді.

Жастардың жауапкершілігі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жастардың орны ерекше. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі елдің маманы, басшысы, ұстазы, дәрігері, кәсіпкері немесе мемлекеттік қызметшісі.

Жастар заңды құрметтеп, адал еңбекті жоғары бағалап, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі керек. Осы бағытта білім беру ұйымдарында түрлі кездесулер, пікірталастар, түсіндіру шаралары мен тәрбиелік жұмыстар жүргізудің маңызы зор.

Жастар арасында жемқорлықтың зияны туралы түсінік қалыптастырумен қатар, адалдық пен әділдіктің адам өміріндегі маңызын насихаттау қажет. Өйткені жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен емес, ең алдымен адамның санасы мен көзқарасын өзгертуден басталады.

Қоғамда ашықтық пен жауапкершілік қағидаттары орныққан сайын жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігі де артады. Әрбір азамат өз міндетін адал орындап, қызмет бабын жеке мүддесіне пайдаланбауы тиіс.

Мемлекеттік қызметші үшін халықтың сенімі ерекше маңызды. Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет ету деген ұғымды білдіреді. Сондықтан қызмет барысында заң талаптарын сақтау, азаматтардың өтініштеріне жауапкершілікпен қарау, әдеп нормаларын ұстану – әрбір қызметкердің міндеті.

Ал азаматтар тарапынан заң талаптарын сақтау, белгіленген тәртіпке құрметпен қарау және заңсыз ұсыныстардан бас тарту – ортақ жауапкершіліктің бір бөлігі.Әділ қоғам қалыптастыру үшін заң бәріне ортақ болуы керек. Заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті.Қоғамдағы тәртіпті тек мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді деп ойлау дұрыс емес. Әр адам өзінің күнделікті әрекетімен қоғамдық тәртіпке үлес қосады. Отбасында адалдықты дәріптеу, балаға дұрыс тәрбие беру, еңбек орнында жауапкершілік таныту, өзгенің құқығын сыйлау – барлығы да қоғам мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді.

Сондықтан жемқорлыққа қарсы күресті күнделікті өмірден бастау қажет. «Менен не өзгереді?» деген немқұрайлы көзқарастың орнына «Мен өзім не істей аламын?» деген азаматтық ұстаным қалыптасқаны жөн.

Жемқорлықсыз қоғам құру – ұзақ мерзімді әрі ортақ міндет. Бұл жолда мемлекет пен азаматтық қоғамның, білім беру ұйымдары мен еңбек ұжымдарының, ата-ана мен жастардың бірлескен іс-қимылы маңызды.

Әр азамат адалдық пен әділдікті өзінің өмірлік қағидасына айналдырса, қоғамдағы оң өзгерістер де нығая түседі.

Жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен адамның санасынан басталады. Заңды айналып өтуді емес, заңды сақтауды қалыпты құндылыққа айналдыруымыз қажет. Өз еңбегіне сеніп, өз күшіне сүйеніп, өзгенің құқығын құрметтеген қоғамның болашағы да берік болады.Әділдік – қоғамның тұрақтылығы мен елдің дамуына негіз болатын басты құндылықтардың бірі. Ал адалдық пен жауапкершілік сол әділдікті орнықтыратын негізгі қасиеттер.Сондықтан әркайсымыз өз орнымызда адал еңбек етіп, заң талаптарын сақтап, жемқорлықтың кез келген көрінісіне жол бермеуге тиіспіз.

Әділдік бар жерде – сенім бар.

Адалдық бар жерде – береке бар.

Заң үстемдік еткен жерде – жемқорлыққа орын жоқ.

Таза қоғам қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Жемқорлықсыз болашақтың негізін бүгінгі адал ісімізбен қалайық!

ҚРҰБ ЖӘНЕ ИПБ БАСҚАРУЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРДІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ЖАҒДАЙЫ



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы инвестициялық портфельдердің 2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдайы

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) enpf.kz сайтындағы "Статистика және аналитика – Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару" бөлімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (бұдан әрі - ИПБ) зейнетақы активтерін басқаруы туралы есебін ұсынды.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ҚРҰБ және ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі 28 449,60 млрд теңгені құрады. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 26 950,74 млрд теңгені құрады. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі - 1 347,58 млрд теңге.

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 151,28 млрд теңгені құрады.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

ҚРҰБ ұсынған ақпарат бойынша 2026 жылғы 1 қыркүйекте МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары төмендегідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 43,46%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 8,00%, ҚРҰБ депозиттері – 3,42%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары – 2,53%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 2,14%, шет мемлекеттердің МБҚ – 1,75%, МҚҰ – 0,99%.

Активтердің 37,38%-ы индексті басқару шеңберінде инвестицияланады. Бұл тәсіл инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге бағдарланған инвестициялық портфельді қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады. Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліне, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліне және акциялардың қосалқы портфеліне қатысты шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номинацияланған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 58,99%, АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 41,01%.

Инвестициялау нәтижесінде бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі табыс, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша кіріс 1 510,73 млрд теңгені, бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 119,33 млрд теңгені, өзге кірістер – 3,87 млрд теңге.

Сыртқы басқарудағы активтерді қоспағанда, шетел валютасында инвестицияланған бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау теріс болып қалыптасты.

2025 жылғы қыркүйектен бастап 2026 жылғы тамызға дейінгі соңғы 12 айда есептелген инвестициялық кірістің мөлшері шамамен 1,58 трлн теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік 6,17%-ды құрады.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі ЖМЗЖ инвестициялау бағыттары келесідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 96,30%, ҚРҰБ депозиттері – 3,69%.

ЖМЗЖ есебінен инвестициялық портфель тек ұлттық валютада номиналданған қаржы құралдарынан тұрады. Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "кері РЕПО" операциялары бойынша сыйақы түріндегі кіріс – 99,70 млрд теңге. Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалау салымшыларға 18,80 млрд теңге кіріс әкелді.

2026 жылғы қыркүйекке дейінгі соңғы 12 айда ЖМЗЖ бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 158,51 млрд теңгені құрады, осы кезеңдегі кірістілік – 18,65%.

ҚРҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында берілген. Сондай-ақ, enpf.kz сайтында ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша портфель құрылымы туралы ақпарат орналастырылды.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 151,28 млрд теңге.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "Alatau City Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 24,12 млрд теңге.

Компанияның негізгі инвестициялары: Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 29,19%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 14,80%, РЕПО – 13,96%, ҚР екінші деңгейдегі банктерінің (ЕДБ) облигациялары – 10,88%, шет мемлекеттердің МБҚ – 9,36%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 6,46%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 4,64%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 3,32%, МҚҰ – 2,36%.

Атап кетейік, портфельдің 48,26% теңгемен, 51,07% АҚШ долларымен, 0,67% басқа валюталарда ұсынылған.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы тамызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 13,91%.

"Alatau City Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының эмитенттері көрсетілген инвестициялық портфелінің егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.09.2026ж. жағдай бойынша "BCC Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 19,60 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттары: ҚР ҚМ МБҚ – 28,55%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 20,44%, ҚР ЕДБ облигациялары – 17,76%, ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 9,37%,Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 8,34%, активтерінің құрылымы MSCI ACWI индексінің құрамдас бөліктерінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds пайлары – 6,24%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 4,18%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 73,73%-ын, АҚШ долларымен 26,27%-ын құрайды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы тамызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 10,95%.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.09.2026ж. жағдай бойынша "Halyk Global Markets" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 6,58 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 27,03%, кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен аспайтын) – 13,24%, ҚР ЕДБ облигациялары – 13,02%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 11,22%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 8,75%, ҚР ұйымдарының корпоративтік облигациялары – 8,23%, ҚРҰБ ноттары – 7,43%, ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 5,61%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар – 5,30%.

Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 62,39%-на, АҚШ долларымен 37,61%-на тең.

Зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігі – 11,30%.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.09.2026ж. жағдай бойынша "Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері шамамен 77,64 млрд теңге болды.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялардың сипаты мынадай: ҚР ЕДБ облигациялары – 19,63%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 16,36%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 11,20%, ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары – 11,04%, ҚР ҚМ МБҚ – 9,79%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 9,07%, шетелдік мемлекеттердің МБҚ – 7,08%, шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 4,68%, кері РЕПО (90 күнтізбелік күннен көп емес) – 4,64%, МҚҰ – 1,50%.

Активтердің 37,38%-ы индексті басқару шеңберінде инвестицияланады. Бұл тәсіл инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар жиынтығы болып табылатын эталондық портфельге бағдарланған инвестициялық портфельді қалыптастыруды көздейді. Эталондық портфельдің кірістілігі басқару тиімділігін бағалау кезінде шара ретінде қызмет етеді. Эталондық портфель ретінде жетекші әлемдік қаржы компаниялары немесе ҚРҰБ әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады. Активтерді индекстік басқаруды ҚРҰБ дербес, сондай-ақ дамыған елдер облигацияларының субпортфеліне, дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліне, корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліне және акциялардың қосалқы портфеліне қатысты шетелдік басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырады.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен сатып алынған қаржы құралдары номинацияланған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель мынадай: ұлттық валютадағы инвестициялар – 58,99%, АҚШ долларымен – зейнетақы активтері портфелінің 41,01%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 65,49%, АҚШ долларында – 34,51% инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы тамызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 11,82%.

"Қазақстан Халық Банкінің ЕҰ "Halyk Finance" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.09.2026 жылғы жағдай бойынша "Tansar Capital" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 0,74 млрд теңге.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар төмендегідей: активтерінің құрылымы MSCI ACWI индексі компоненттерінің құрылымын қайталайтын Exchange Traded Funds пайлары – 52,95%, Репо – 16,02%, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолхаттар – 15,67%, ҚР ҚМ МБҚ – 11,05%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 42,94%, АҚШ долларымен – 57,06% инвестицияланды.

"Tansar Capital" АҚ зейнетақы активтерін басқаруды 2026 жылғы 8 сәуірде бастады. Зейнетақы активтерін басқаруды бастағаннан бергі кірістілігі – 2,43% құрады.

"Tansar Capital" АҚ басқаруындағы қаржы құралдары инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.09.2026ж. жағдай бойынша "Сентрас Секьюритиз" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері шамамен 22,60 млрд теңге.

ҚР ЕДБ облигацияларына – 26,85%, РЕПО – 12,14%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигацияларына – 12,57%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 16,31%, АҚШ мемлекеттік облигацияларына – 8,53%, ҚР ҚМ МБҚ-ға – 7,21%, шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 5,14%, ҚР резиденттері-эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарына – 4,52%, шет ел эмитенттерінің корпоративтік облигацияларына – 2,74% инвестицияланды.

Ұлттық валютада портфельдің 66,06%-ы, АҚШ долларында 33,94%-ы инвестицияланды.

Зейнетақы активтерінің 2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы тамызға дейінгі соңғы 12 айдағы кірістілігі – 17,05%.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

Естеріңізге салайық, БЖЗҚ азаматтардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша invest.enpf.kz бірыңғай ақпараттық интернет-платформаны іске қосқанын еске саламыз. Ол ИПБ туралы барлық негізгі ақпаратты бір цифрлық кеңістікте біріктіреді және инвестициялық қызмет туралы деректерді ұсынуға жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

ҚАРИЯҒА ҚҰРМЕТ-ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Сіздерді 1 қазан Халықаралық карттар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Карттық-өмірдің мәнін терең түсініп,кейінгі ұрпаққа ақыл кеңес пен өнеге беретін қадірлі кезең.Сіздер елдің дамуына өз үлестеріңізді қосып,талай жыл маңдай терлеріңізбен еңбек етіп, бүгінгі ұрпаққа жарқын жол қалдырдыңыздар.

Сіздердің өмір жолдарыңыз-кейінгі буынға үлгі,ал ақ баталарыңыз-біз үшін үлкен рухани күш.Сондықтан сіздерге көрсетілген-құрмет барша қоғамның парызы.

Бүгінгі мереке сіздерге деген құрметіміз бен ризашылығымыздың белгісі болсын.

Сіздерге зор денсаулық,ұзақ өмір,көңілге қуаныш жүрекке тыныштық тілеймін.

Ұрпақтарыңыздың ортасында амандықта ғұмыр кешіп, әрдайым қадірлі болып жүре беріңіздер! Қарияларымыздың абыройы асқақ,мерейі үстем болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын,қадірлі қариялар!

Г.О.Далабаева.
Құрметпен: «Ескелді аудандық үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

БАНКРОТТЫҚ КЕЗІНДЕ ҚАНДАЙ БОРЫШТАР ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫЛМАЙДЫ?

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкроттық немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдері аяқталғаннан кейін де тоқтатылуға (есептен шығарылуға) жатпайтын міндеттемелер тізілімі бар.

Мұндай борыштарға мыналар жатады:

Алименттер: Алименттерді алуға құқығы бар тұлғаларға оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер.

Өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиян: Адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар: Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау салдарынан туындаған залалды өтеу.

Бюджетке төленетін төлемдер: Сот шешімі бойынша өндіріп алынатын бюджетке түсетін түсімдер.

Ұлттық Банк желісі бойынша талаптар: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» ҚР Заңына сәйкес туындайтын талаптар.

Басқарушының сыйақысы: Рәсімді жүргізген қаржылық басқарушының төленбеген (толық немесе ішінара) сыйақысы.

Бұдан бөлек, міндеттемелерді тоқтату үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлер, кепіл болушылар немесе кепіл салушылар ретінде әрекет ететін борышкерлерге қолданылмайды.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі сәтті аяқталғаннан кейін де борышкердің жоғарыда аталған талаптарды (алименттер, өмірге келтірілген зиян және т.б.) орындау міндеті толық көлемде сақталатынын атап өту маңызды.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ СТАРШЕГО ПОКОЛЕНИЯ!

От всей души поздравляем вас с 1 октября – Международным днем Пожилых людей!

Пожилой возраст – это особый, почтенный период жизни, когда за плечами уже богатый жизненный опыт, глубокое понимание ее смысла, а мудрые советы и наставления становятся бесценным примером для подрастающего поколения. Вы внесли значительный вклад в развитие нашей страны, многие годы трудились, отдавая свои силы и знания, и своим самоотверженным трудом проложили светлый путь для будущих поколений.

Вы наша гордость, наша опора и наша живая история. От всей души желаем Вам крепкого здоровья на долгие годы, неиссякаемого жизненного тонуса, душевного тепла и спокойствия. Пусть каждый ваш день будет согрет заботой родных и близких, а в ваших домах всегда царят мир, достаток и уют! Спасибо за ваш труд и вашу мудрость!

Пусть сегодняшний праздник станет символом нашего глубокого уважения, признательности и благодарности за ваш труд и жизненный вклад!

С праздником вас, дорогие наши уважаемые представители старшего поколения!

Г.О. Далабаева,
С уважением, Директор
коммунального государственного учреждения
«Центр оказания специальных социальных услуг в условиях обслуживания на дому Ескельдинского района»

КАКИЕ ДОЛГИ НЕ СПИСЫВАЮТСЯ ПРИ БАНКРОТСТВЕ?

Согласно Закону Республики Казахстан «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан», существует перечень обязательств, которые не подлежат прекращению (не списываются) даже после завершения процедур банкротства или восстановления платежеспособности.

К таким долгам относятся:

• Алименты: Обязательства по уплате алиментов лицам, имеющим право на их получение.

• Вред жизни или здоровью: Возмещение вреда, который был причинен жизни или здоровью человека.

• Уголовные правонарушения: Возмещение ущерба, возникшего в результате совершения уголовных правонарушений.

• Платежи в бюджет: Поступления в бюджет, которые взыскиваются по решению суда.

• Требования по линии Национального Банка: Требования, возникающие в соответствии с Законом РК «О Национальном Банке Республики Казахстан».

• Вознаграждение управляющего: Невыплаченное (полностью или частично) вознаграждение финансового управляющего, который проводил процедуру.

Кроме того, прекращение обязательств не распространяется на тех должников, которые выступают гарантами, поручителями или залогодателями по обязательствам третьих лиц.

Важно отметить, что даже после успешного завершения процедуры восстановления платежеспособности обязанность должника исполнять перечисленные выше требования (алименты, вред жизни и т.д.) сохраняется в полном объеме.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

HABARLANDYRU

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жетісу облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-сі барша жұртшылықты, соның ішінде мүдделі қауымды «Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылының Бас жоспармен біріктірілген егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы. Түзету» жобасының материалдарын қарастыру бойынша қоғамдық талқылау өтеміні туралы хабарлайды.

Осыған орай, аталған шараға қатысқысы келетін қауым «Ескелді ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» ММ-не алдын ала 8 (72836) 31- 679 телефон бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

Қоғамдық тыңдау 2026 ж. 22 қазан сағ. 15:00-де Бақтыбай а., Тұрар Рысқұлов көшесі, 36 үй мекенжайындағы «Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектебі» ғимаратының акт залында өтеді.

Жобаны әзірлеушісі – «Табрис» ЖШС.

Тел.: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru

***

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление архитектуры и градостроительства области Жетісу» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных обсуждений по рассмотрению материалов проекта «Генеральный план, совмещенный с проектом детальной планировки села Бактыбай Ескельдинского района области Жетісу. Корректировка». Желающих участников просим заблаговременно обратиться в ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства Ескельдинского района» по телефону: 8 (72836) 31 679.

Собрание общественного обсуждения состоятся 22 октября 2026 г. по адресу: село Бактыбай Жолбарысулы, ул. Турара Рыскулова, 36, в актовом зале «Средней школы им. Б. Жолбарысулы» в 15 ч.00 м.

Разработчик проекта - ТОО «Табрис».

Тел: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru

САЛАУАТТЫ ӨМІР – ДҰРЫС ТАҢДАУ

Салауатты өмір салты – денсаулықты сақтаудың ғана емес, адамның толыққанды өмір сүруінің негізі.Дұрыс тамақтану, дене шынықтырумен айналысу, күн тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу – әр адамның күнделікті өміріндегі маңызды қағидалар.

Спортпен айналысатын адамның бойында тәртіп, төзімділік, жауапкершілік сияқты қасиеттер қалыптасады. Спорт адамның денесін шынықтырып қана қоймай, ерік-жігерін де күшейтеді. Сондықтан балалар мен жастарды спорт секцияларына, үйірмелерге және түрлі мәдени-шығармашылық шараларға тарту – нашақорлықтың алдын алудың тиімді бағыттарының бірі.

Аудандар мен елді мекендерде спорттық жарыстар, жүгіру марафондары, футбол, волейбол, қазақ күресі сияқты бұқаралық спорт шараларының ұйымдастырылуы жастардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бос уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндік алған жас зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстап, өз қабілетін дамытуға ұмтылады.

Жас ұрпақ тәрбиесінде отбасының орны бөлек. Бала ең алғашқы тәрбиені ата-анасынан алады. Сондықтан ата-ана баласымен ашық сөйлесіп, оның қызығушылығы мен мәселелеріне көңіл бөліп отырғаны жөн.

Кейде жасөспірім өзінің басынан өткерген қиындықтарын ата-анасына айтуға қиналуы мүмкін. Осындай жағдайда балаға түсіністікпен қарап, оның пікірін тыңдау маңызды. Отбасындағы сенім мен жылы қарым-қатынас баланың түрлі қауіп-қатерден өзін қорғауына көмектеседі.

Ата-ана баласына тек тыйым салумен шектелмей, зиянды әдеттердің салдарын түсіндіріп, дұрыс таңдау жасауға бағыт беруі керек. «Болмайды» деуден бұрын оның не үшін қауіпті екенін қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізу тәрбиелік тұрғыдан әлдеқайда тиімді.

Нашақорлықтың алдын алу бағытында білім беру ұйымдарының да атқарар жұмысы мол. Мектептерде оқушыларға зиянды әдеттердің адам денсаулығына тигізетін кері әсері түсіндіріліп, салауатты өмір салты бойынша түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Тәрбие сағаттары, кездесулер, семинарлар, пікірталастар, спорттық сайыстар мен шығармашылық байқаулар жастардың белсенділігін арттырады. Мұндай жұмыстар жасөспірімдердің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына және дұрыс өмір салтын таңдауға ықпал етеді.

Сонымен қатар қоғамда жастарға арналған мәдени және спорттық орталардың көп болуы маңызды. Жастар өз қабілетін сынайтын, пікірін білдіретін, достарымен пайдалы уақыт өткізетін ортаға ие болғаны дұрыс.

Нашақорлықпен күреста алдын алу шаралары ерекше маңызға ие. Адам белгілі бір зиянды әдетке тәуелді болғаннан кейін мәселені шешуге қарағанда, оның алдын алу әлдеқайда тиімді.

Сондықтан жасөспірімдер мен жастарға есірткі заттарының зияны, тәуелділіктің адам өміріне тигізетін салдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуі қажет.

Құқықтық сауаттылық та маңызды. Әр азамат есірткіге қатысты заңсыз әрекеттердің заң алдында жауапкершілікке әкелетінін білуі тиіс. Заңды білу және оны құрметтеу – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі.

Елдің болашағы тек экономикалық көрсеткіштермен өлшенбейді. Мемлекеттің ең үлкен байлығы – оның адам капиталы.

Ал дені сау, білімді, еңбекқор әрі жауапты ұрпақ – ел дамуының басты негізі.

Сондықтан жастардың денсаулығын қорғау, олардың сапалы білім алуына және спортпен айналысуына жағдай жасау, зиянды әдеттердің алдын алу – барша қоғамның ортақ міндеті.

Әрбір жас өз өміріне немқұрайлы қарамай, болашағын бүгіннен ойлауы қажет. Өйткені өмірде жасалған әрбір таңдау адамның келешегіне әсер етеді. Салауатты өмірді таңдаған адам өзіне ғана емес, отбасы мен қоғамға да пайдасын тигізеді.

Бірге күрессек – нәтиже бар

Нашақорлықтың алдын алу бір ғана мекеменің жұмысы емес. Бұл бағытта отбасы, мектеп, медицина қызметкерлері, құқық қорғау органдары, қоғамдық ұйымдар және жастардың өздері бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Әрбір ата-ана баласының тәрбиесіне жауапты болса, әрбір ұстаз оқушыға дұрыс бағыт берсе, әрбір жас өз болашағына жауапкершілікпен қараса, қоғамда оң өзгерістер қалыптасады.

Ең бастысы – жастарға сенім білдіру және оларды пайдалы іске бағыттау. Жас буынның арманы мен мақсаты көп. Оларға сол армандарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, дұрыс бағыт көрсету – аға буынның міндеті.

Нашақорлыққа қарсы күрес – тек зиянды әдеттен сақтандыру емес, сонымен бірге жастарға жарқын болашақтың жолын көрсету.

Ол жол – білім, еңбек, спорт, өнер және адал өмір жолы.

Нашақорлықсыз қоғам құру – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Дені сау ұрпақ – қуатты мемлекеттің негізі. Әрбір жас өз өмірін бағалап, денсаулығын сақтап, болашағын жарқын істерге арнаса, елдің де келешегі кемел болмақ.

Салауатты өмірді таңдайық!

Зиянды әдеттен аулақ болайық!

Жастарымыздың жарқын болашағына бірге жол ашайық!

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1900
Тираж 1900
Тапсырыс 1284
Көлемі 2
баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.
Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ